


П И О Н Е Р



МАРТ

1953 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 3



Бөбек жыры

Біздің азат анамыз
Ана апанды өмірге.
Біз бақыпты баламыз,
Нұр құйылған көңілге.
Біздің бейбіт еліміз,
Тілемейді соғысты.
Біздің бейбіт жеріміз
Еңбекпенен шоғысты.
Біздің туған аулымыз,
Гүл бақшадай құлпырған.
Заводта туған баурымыз,
Табысқа жаңа ұмтылған.
Салып жапыр әкеміз
Коммунизм құрылысын,
Біз де ертең жетеміз
Аяқтауға әке ісін.

М. Хакімжанова



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы

№ 3

МАРТ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



Лениногорск балалар бақшасының меңгерушісі А. Ф. Ковалева балаларға,
В. И. Лениннің балалық шағы туралы әңгіме айтып отыр.

Суретті түсірген Ю. Шиянов.

Алыстағы ауылда



(Жалғасы. Басы өткен санды).

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев.

III - Тарау

Ертесінде Болат кеш оялды. Сағат тоғыздан асып кетіпті, машина соғып тастаған тұла бойы салдырап ауырып қалыпты. Барлық денесі гипспен қатырғандай сіресіп, иліге алар емес. Бірақ ұйқысы әбден қанып, жаны рахатқа бөленіп, көңілі көтеріңкі күйде. Төсегінің жанында, орындықтың үстінде таза киімдері қаттаулы тұр екен. Киінді де, үлкен айнаның алдына барып, өзін өзі бүгін ғана көргендей байыптап асықпай қарап алып, тысқа шықты. Жаздың, колхоз жазының бүгінгі күні оған аса сәулетті көрініс кетті.

Ауыл үстінде тыныштық ұйып тұр. Зәулім терек, қайыңдар бойын көкке соза түсіп, тұнық ауадан мол тыныстайды. Қарсы алдындағы арықтың екі жағасындағы бұраң бел көк талдар шұбар бүршік жарып, иілін сыңсып тұр. Тал түбіндегі ұйлыға өскен жатаған көк шөп кілем түгінен де майда. Арықта салқын мөлдір су ағады. Маң-маң басқан бір кербез қаз көше ортасымен жайылымға кетіп барады.

Ертеңгі шайдың үстінде есік қағылды. Үйге қыйсық жағалы көк сатин көйлегінің жеңін шынтағына шейін түріп алған, зор денелі, тақырбас, жүзі жадыраққы ойлы көзді, қыймыл — құбылысы салмақты, биязы мінез қараторы бала кірді.

— Кел, Қожаш, шайға кел, — деп Қатиға орнынан ұшып түрегелді.

— Рахмет, — деп Қожаш шай үстінен шыққанға ыңғайсызданып, босағадан ұзамай тұрып қалды. — Мен сіздің бақшаны суарайын деп келіп едім.

— Шайға кел, шырағым, әуелі. Соғып мына Болат скеуің... Мына бала менің қайным болады, қаладан кеше келді. Шайға отыр, Қожаш.

— Рахмет, мен шай ішіп келдім...

— Кел отыр. Сенің өститінің-ай. Бұл да өз үйің емес пе?

— Жоға... айып етпеңіз... мен суды бұра берейін, — деп Қожаш қыйылып кешірім сұрап, лып етіп қайта шығып кетті.

— Қап, — деп Қатиға өкініп қалды, — міне осындай ол. Біздің көршіміздің баласы. Быйыл жетінші класты үздік бітірді. Айналып кетейін ақылды бала-ау бір! Қолынан келмейтіні жоқ, он саусағынан өнер тамады. Кішкентай қарындасына жасап берген ән-әдемі арқалы орындығын көрсені! Өз үйінің барлық жұмысын осы тың-

дырады. Ағаң кетерінде: Қожаш, мына жеңгенің жас баласы бар, жордемлесіп тұрғайсың деп еді. Кеше таңертең келіп: жеңге, бүгін тауға отынға кетіп барамын, бақшаларыңыз қаңсып, шөлдеп тұр екен, ертең суарсам қайтеді деп еді. Жаңа соған келгені ғой. Сен шайыңды ішкен соң, болыс оған. Бақша суарғанды білуші ме едің?

— А как же — деді Болат, — өзіміздің бақшаны арқашан мен суарамын.

Болат пен Қожаштың таныстығы осылай басталды. Екеуі түске шейін бақша суарды...

Кешке колхоз клубында осындағы көркемөнер үйірмесінің концерті болады екен. Қожаш пен Болат Серезаны ертіп соған баруға келісті.

Шап-шақ су жаңа кара костюм, резинка ұлтанды кара ботинка киген Сереза күн баға Болаттікіне келді. Көк жібек жейдесінің жағасын пиджакінің сыртына салып қойыпты, онысы жарасын-ақ тұр. Өткір көк көзі жайнап қағып, өңденіп, құанырып кеткен. Бойында кеше байқалмаған, бір сыпайы әдемілік, жарасымдылық бар. Омырауындағы кіршіксіз эппақ медаль оған көрік үстіне көрік жамап, жұрт көзіне қастерлендіре түседі.

— Тіземді қайта тандырып алуға болар ма екен? — деп өтінді ол Қатиғадан.

Бұл партизан баланы Болат жеңгесіне кеше-ақ сыртынан таныстырып, біраз сөз шекістіріп қалғанына қарамастан жер-көкке сыйғызбай мақтап үлгерген. Қызмет мерзімі бітіп кетсе де, Қатиға Серезаның тілегін дереу орындады.

Осы кезде есік алдында мандалинанын әсерлі үні естілді. Қожаш бастаған бір топ бала келін тұр екен. Олар Сереза мен Болатты клубқа шақыра келіпті. Қара шевиот китль киген, қаракат көз, сұлу, мандалиншы баланы Қожаш «күйші Әнуар, жетінші класты бітірді» деп таныстырды. «Мектебіміздің даңқты ақыны» деп, екі қолын қалтасына салып тұрған күлім көз жұқа сары бала билегісі келген адамға ұқсап, жауырынын бүлкілдетіп, елінең етіп, Әнуарға қарап қарқылдай күліп, Қожашпен қосарласып қойды. Бірақ мұның бұл күлкісі орынсыз, әрі оғаш жарасымсыз болды. Тауып айтпадым ба дегендей, аркімге, тіпті өзімен бұрын таныс емес Сереза мен Болатқа да қоштау тілеп жалтақ-жалтақ қарағанмен, ешкім онымен қосыла күлмеді. Ақыры өз сөзіне өзі мәз болғандай дара ыржамақтап

барып тынды ол. Бұл да жетінші класты бітіріпті. Аты Құрмаш екен. Қожаш осылайша өзімен ере келген ауыл балаларының бәрін қонақтарға таныстырып шықты.

Бұлар клубқа таяп келгенде, ауыл үстінде Ильич шамы жағылды. Мұндай шамдар клуб алдында көгендеген қозыша тізіліп тұр, тіке қарасаң көзіңді шағып, қабағыңның нерв талшықтарын шытылатып жібергендей болады.

Әрі қысқа, әрі дәмді концерттен біздің кейіпкерлеріміз ерекше көтеріңкі, шалқып шықты. Қап, шұғыл бітіп қалды-ау деп өкініш білдірушілер де жоқ емес.

Ашық аспан, айлы ақарлы кеш. Түтін шалқытар леп жоқ. Көпірши күркіреп, тау өзені ағып жатыр. Арғы беттегі терек, қайың, талы аралас, шөбіне шөккен түйе жасырынарлық көкпеңбек орман сыбыр ете де алмай, тәтті мүлгін, ауыр тыныстап тұр. Клуб алдындағы громкоговорительден диктордың санқылдаған қуатты үні келеді. Совет хабаршы бюросының мәліметтерін оқып тұр ол. Бұл соғыстың тынатын күні болар ма, жоқ па!? Қайран бейбіт өмір!

* * *

Бірнеше күн өтті. Сережа мен Болат «Жаңа өмірдің» балаларымен осылайша үйірлесіп, достасып кетті. Уақыт бұлар ойлағаннан да көңілді өтіп жатыр. Суга шомылады, балық аулайды, тоғай кезіп қоян қуады, клубқа барып, бильярд, шахмат ойнайды, газет — журнал оқыйды, мектептің физкультура алаңына барып, қас қарайғанша волейбол ойнайды... Демалыс кезінде бұдан артық не керек бұларға?

Бірақ...

... Бір күні Жұлдыз кеңседен тым кеш, әрі жабырқау қайтты. Ол үнемі жұмыс басты болып, шаршап жүргенмен, үйге келген соң дереу жадырап, қызмет жөнін мүлде ұмытқандай боп, інілерімен балаша ойнап немесе майдандағы кейбір көңілді жайттарды қызықтан еске түсіріп, Сережа екеуі жаңғырта әңгімелен беретін. Бұл жолы өйтпеді, ой меңзеген суық кейіпін бұзбаған күйі әлі жатпай, жалғыз қадалып кітап оқып отырған Сережаға:

— Демалу керек, Сережа — деді де, етігін шешіп, диванға киімшең күйі шалқасынан жата кетті.

— Көңілсізсіз ғой, Жұлдыз Жүнісович, әлде бір жеріңіз...

Жұлдыз біраз үндемей жатты да, жамбасына аунап түсті.

— Жұмысқа адам жетіспейді. Сережа, барлық қыыншылық осыдан туып отыр. Міне, шөп шабу науқаны басталды. Үкімет пен партия мерзімді күннің ішінде бітіру керек деп міндеттеп отыр. Қоралар жасау, бұрынғы қораларды жөндеу секілді басқа жұмыс та толып жатыр.

— Балаларға жұмыс істету керек. Егер жау тылында қалса, олар өздері-ақ есейіп кетер еді. Мәселен, мен шөп машинаны тамаша жүргізе аламын.

Жұлдыз орнынан тұрып отырды.

— Ойдағы жазық жердің шөбін трактормен шабуға болады. Ал, таудан шөп шабуға он шақты ат шөп машинасын шығармақпыз. Маған да сол машиналардың бәріне балаларды отырғызсақ деген ой келіп еді, Сережа, қалай қарайсың сен осыған?

— Әбден болады, Жұлдыз Жүнісович. Балалар істемегенде, енді кім істемек жұмысты. Мен де бір машинаны жүргіземін.

— Сенсіз де жетеді ғой.

— Мен немене олардан... Мен жөнінде қам жемейсіз, Жұлдыз Жүнісович.

— Олай болса ертең таңертең ересек балаларды кеңсеге шақырып алып, әңгімелесейік.

... Председательдің ұзынша келген кабинетінде балалар сықап отыр. Мектеп директорының алдына келгендегідей бас киімдерін алып, бірімен бірі сыбырласып қана сөйлесіп, кластағыша тәртіп сақтауда. Сырттан Жұлдыз бен Балабек кіргенде, бұлар су сепкендей жым боп, түзсілісіп отыра қалысты.

Жұлдыз жазу сто-



лының ар жағына барып, тік тұрған күйі балаларды бір шолып шықты да:

— Болат, сен де келгенбісің, өте жақсы, — деп қойды.

— Балалар, — деді ол сосын сөзін көпке арнап, үнін қатайтып, — қазір қырғын соғыс болып жатқанын бәрін білесіңдер. Көбінің аға-әкелерің майданға кетті. Бейбітшілік кез болса, осындай жазғы демалыста ойнақ салып, пионер лагеріне, демалыс үйлеріне, жайлауға кеткен болар едіңдер. Ал, қазір жағдай мүлде басқа. Қолхозымыз жұмысқа адам жетіспеуінен зор қиыншылықтарға ұшырап отыр. Мал басы бізде өте көп екені өздеріңе мәлім. Үкімет пен партия сол малға бір қысқа жетерлік қана емес, біржарым жылдық азық қорын жасауды міндеттеп отыр. Артық дәулет бас жирмайды. Сондықтан бйыл ойдағы шабындықпен қатар Алатаудың мына өзіміздің колхозға қарайтын сайларын сонау Қырғызстан шекарасына шейін қаптап қырып, түгел шаппақпыз. Таудан шөп шабуға он бір ат шөп машинасын және төрт ат тырма шығармақпыз. Колхоз сендерге зор сеніммен қол артқалы отыр. Әрқайсың сол машиналардың бір-біреуіне ие болыңдар. Майданға аттанғандардың орнын сендер басуға тура келеді.

— Әрине! — деп қоштады Сережа.

Председатель балалардан жауап күткен көзқараспен сұрана қарап, үнсіз тұрып қалып еді.

— Көмектесеміз, — деп ду етті балалар.

— Сұрақтарың бар ма?

— Жок!

Бұрышта отырған Болат ыңғайсыздайынқырап қол көтерді.

— Болат, бірдеңе айтқың келе ме?

— Мен жұмыстан қорықпаймын, но никогда колхозда істеп көрген жоқпын. Шөп машинаның тілін білмеймін ғой.

— Оған уайым жеңе, — деді Жұдыз, — біздің Қожаш саған шөп машинаның тілін екі сағаттың ішінде үйретіп, көбейде құйып береді.

Қожаш секілді көңілді балалармен бірге Болат қайда жұмсаса да тартынбас еді. Сондықтан көрермін, үйренермін деп ойлады.

Бірақ түстен кейін балалар ат қораға келін, осырылған семіз аттардың жалына жармасып, құлағында ойнап жатқанда, Болат қораға кіруден қорқып, қораның сыртында тұрды да қалды. «Мына секілді көленкесінен үркіп, кеңсірік атқан сәйгүліктерге қалай ие болмақпын, машина-пашинаммен қоса ала жөнеліп, тау-тасқа соғып, пыт-шытымды шығарып жүрмей ме» деген қорқынышты ой келді оған. Бір машинаны айдауға қызықса да, жүрегі дауаламай, батылы жетпей тұр.

— Сен неғып тұрсың? — деген үнге жалт қараса, Қожаш екен.

— Аттар теуіп қала ма деп, қорқып тұрмын.

— Тенбейді, кір кәне.

— Честное слово, қорқамын.

— Уақа емес, әлі-ақ үйреніп кетесің.

— Тіпті осы күнге шейін ат жүгендеп көргемін жоқ.

— Ол бұйым емес, жүр мен көрсетейін.

— Мен лучше басқа бір жұмыс істер едім. Машинаны сындырып қойсам...

— Неге соншама қалтырай бересің. Біз бәрине де үйретеміз, — деп қайрады Қожаш, — жүрші, бауырыңнан өтіп жатсаң, құлақ жымыруды білмейтін кілең жуас аттарды тандап берейін.

Екі ойлы бол, қыйнала тұра, Болат Қожаштың соңынан қораға кірді. Аттардың арасымен өтіп бара жатып, теуіп жібере ме, тістеп ала ма деп, төнірегін қорқақтай қарайды.

Қожаш бір қара аттың мойнынан құшақтады да:

— Міне, былай жүгендейді, — деді Болатқа көрсетіп, — оп-оңай ғой. Кәне, сен анау қызыл атты жүгендеп көрші. Қорықпа, бұл колхозда онан жуас мал жоқ.

Қожаш нұсқаған бұрышта екі ат тұрған. Болат аяғын санап басып, қолын алыстан ербита созып, соған ештеңе жақындан келеді. Жүрегі дүрс-дүрс соғып, қолын айтқан қызыл аттың жалына дзар төгізді. Тап сол мезетте олгі ат құлағын жымырып қалса, оның ойбай деп тұра қашуы анық еді. Бірақ ат жануар момпыйып бейкам тұр.

— Оны емес, — деп дауыстады Қожаш, — ана қызыл атты жүгенде.

— Қай қызыл атты?

— Қасында тұрған ше.

— Мына ақ атты айтасың ба?

Қожаш күліп жіберді.

— Оны ақ ат демейді, қызыл ат дейді.

— Қак так? — деп таңырқады Болат — бұл тіпті де қызыл емес қой. Әппақ ат емес пе?

— Біздің қазақ бұл түстегі жылқыны қызыл деп те атай береді.

— Қызыл мынау емес пе? — деп Болат жүгендетелі тұрған атын көрсетті.

— Ол қызыл емес, жирен.

— Интересно, — деп таңырқады Болат — ақ атты қызыл дейді...

Ол атты жүгендей алмай әуре болды.

— Бол, тез, — деп Болат күде қарап тұр.

— Мынау бір оңбаған ат қой аузың ашпайтын.

Қожаш қарқылдап кеп күлді де, қасына келді. Қолынан жүгенді алып:

— Басбармағыңды аттың аузына былайша тығып жіберіп, ауыздықты тісіне тигізсең болғаны, көрдің бе? — деді.

— Саусағымды тістеп алса қайтемін?

— Қолыңды бері әкелші. Аттың аузында ауыздық тұратын жерде екі тісі болмайды.

— Тоже интересно — деп Болат бұған да таңырқады.

IV — тарау.

Үста дүкенінің алдында көк сырмен сырланған шөп машиналар қаз-қатар тізіліп тұр. Балабек әр машинаға тиісті жегу жабдықтарын таратып беріп, бір книгаға қол қойғызып алып жатыр.

Бағанадан бері Қожаш онаша бір шетте Болатқа шөп машинаның тетіктерін, бөлшектерінің қызметін үйретіп жүр. Аттарын да сол жегіп беріп, қамыт кигізуді, аттарды делбе арқылы басқаруды көрсетуде.

Ал, Сережа, асылында, колхоз жұмысына Болатқа қарағанда анағұрлым бейім, бәрін де білетін сыяқты. Аттарын өзі жегіп, машинасының әр жерін байқап бұрап көріп, қолы-қолына жұқпайды. «Кеш болып қалды, тездетіндер, балалар, қыймылдарың өндімейді ғой» деп, өзгелерді асықтыра түседі.

Балалардың өнімсіз шұбалаңқы қыймылдары, көп сөзділігі, жайбарақаттығы Сережаның төзімін тоздырды. Нені болса да әскердегіше тез-тез тындыруды сүйетін ол ақырында төзбей кетті.

— Балалар, егер біз жұмысты да осылай істесек, маз таптырмаймыз. Бұл босбелбеуліктен арылмай болмайды. Егер майданда болса, бағанадан бері бүкіл бір қала көшіп үлгеретін еді. Майдан мен тылда айырма болмауы керек делінбей ме. Арамызда әскери тәртіп орнатуымыз керек. Әр істі бұйрықпен істесек, тез бітеді. Менің ұсынысым: ішімізден біреуді командир етіп белгілейік.

— Командиріміз Сережа болсын! — деп Құрмаш айғай салды.

— Дұрыс!

— Тағы қандай ұсыныс бар?

— Басқадай ұсыныс жоқ.

— Жарайды. Ал, бірақ бағынатын болыңдар, — деді Сережа.

— Бағынамыз!

Ақырында бәрі де жолға әзір болған сыяқты еді.

Қажетті жабдықтарын, төсек орын, ыдыс-аяқтарын машинаға тиіп алған. Бірсыпыра машиналардың орындықтарының астында салбырай байланған, сусын құйылған тырсыйған сары местер көрінеді.

Жолға шығар алдында Сережа барлық машинаны аралап қарай бастады. Әркімге болар боямас бірдеңелер үшін мін тағып, қатты-қатты сөздер айтып жатыр.

Бір кезде Сережа әнеукүні машинамен жарысып, бөктеріндісі шашылып қалатын Досанның қасына барып, әрі кекете, әрі мәз бола рахаттанып күлді-ай кеп:

— О — хо — хо! Мына тарелкаға болайын! Курортқа кетіп бара жатқан жоқпысың өзің. Әй — әй — әй! Осыны жайптитып, күн шыжып тұрғанда далада ыстық көжені қалай ішіп отырмақсың? Шайды қалай ішпексің? Шай ішетін кесем бар деймісің? О — хо — хо — хо! Мүмкін подноссың мен шәйнегің де бар шығар. Шырағым-ау, тұз ыдысы мен ұй ыдысы дегеннің не екенін айыра білу керек қой. Қотелок пен қасық қана алсаң, жетпей ме? Қәне мыналарыңның көзін жоғалтып кел.

Сережаны Досан әнеу күні-ақ жақтырмай қалып еді. Тап қазір бірдеңе деп беттен алып тастағысы кеп бір тұрды да, балалардың ресми белгілеген командирі болғандықтан шүү дегеннен онымен шөлкем қатынас жасағысы келмеді. Көрсерміз бұдан былай деп түйді ойын. Өзге балалардың Сережаны аса құрметпен қадірлейтіндігінен де жасқанды.

Сережа осылайша әркімге міндер тағып жүр.

Бір кезде ол Құрмаштың машинасының қасына барып, орындықтың үстінде жатқан зоология оқулығын қолына алып:

— Мынау не үшін керек? Онан да көркем әдебиет кітаптарын көбірек ала жүрсенші, — деді.



Әлгіңде шешенсіп, дамыл таппай сөйлеп жүрген Құрмаш қызарып, күйбеңдеп қалып еді, қасында тұрған Әнуар жымындай күліп:

— Құрмаш пен зоология скеуі араз. Зоология көктемде емтихан кезінде Құрмаштың аяғын шалып қалып, сүріндіріп кеткен. Енді бәлемнің өзің тауға апарып-күзгі сынға дейін баурап алмақ қой, сірә, — деді.

— Ене, бұл жақсылық емес екен, — деді Сережа, тек осы пәннен ғана қалып па едің күзгі сынға? Олай болса бұл кітапты ала жүр! Дайындап мықтап тұрып, класта қалуға болмайды ғой!

Балалардың жолға әзірлігін Сережа ақырғы рет қарап, тексеріп шығып, көңілі қош болғанша, күн бесіндікке барды. Жуан бақай, семіз аттар шыбындап, дамылсыз шұлғып түсіп, жүріп кете жаздап тұр...

Балалардың қасына Жұлдыз келді.

— Кішкентай қырандарым, бәрің бері келіндер-дайынсындар ма жолға шығуға? Жақсы. Ендігі тәртіп былай: Қожаш бас машинашыларың болады. Өйткені, ол жұмыс жайын жетік біледі. Екіншіден Қожаш өздеріңе мәлім, мектептегі комсомол комитетінің секретары ғой. Комсомол — партияның бірінші жәрдемшісі. Олай болса біз сенеміз Қожашқа.

— Біз әуелі командир де сайлап алдық, — деді Құрмаш.

— Майдан мен тылда айырма болмасын дейсіз ғой өзіңіз. Жұмысты соғыстағыша қатаң тәртіппен істеу үшін Сережаны командир етіп сайладық, — деді Әнуар.

— Сережаны командир етіп дейсіңдер ме? — Жұлдыз күлімдеп Сережаға қарады. — Әбден дұрыс істегенсіңдер. Сонда бір командирлерің, бір аға машинашыларың болады ғой. Бастықтан кенде емессіңдер, жарайды! Іске сәт, қырандарым! Қожаш, баста қәне балаларды. Жөнеліндер! Мен арттарыңнан қуып жетемін.

— Но — ко — ням! — деп айғай салды Сережа.

Тізілген он бес машина даңғыраған қара жолмен шубап ауылдан шықты. Барлығының шалғысы бірөнкей қаздыйып жарасып барады! Ең артта Болат келе жатыр. Аттар ала қашпаса игі еді деп, делбені тежей ұстап, әрі жүрексініп келеді ол, әрі осы отырысын бір тұрлі қызық көреді. Жолдың екі шеті жайқалған көк шалғын. Сан-алуан гүлдер баяу ескен самалмен тербелгенде, мың түрленіп, көз тұндырады. Гүлден гүлге қонып, машинаның алды артын орай, жолды кес-кестеп аралуан түсті көбелектер ұшады. Олар кейде аспандай көтеріліп, қанаттарының әсем бояулары күнмен шағылысып бұлдыр қағады да, алыстап барып ғайып болады. Кейде жол шетіндегі гүл үстіне қонады да, сол гүлдің бір жапырағына ұқсап, қыймылсыз қалшыя қалады. Жұпар иіске молыққан таза ауа тынысты кеңітіп, көңілді жадырата түседі. Баурын, алқымын орай ызындап ұшқан бүтелектің улы тұмсығынан қорынған аттар құйрығымен сабаланып, дамылсыз шұлғыйды. Кейде алдыңғы аяғы тыпыр ете қалса, бір нәле болмаса игі еді деп, Болаттың үрейі ұшады.

Тауға жақындап, өрлей түскен сайын алдан жанға жайлы салқын самал есіп, самсыған, сан алуан гүл көз тартып тербеле түседі. Жайлау лебі келеді. Далыйып жатқан кең сайдағы құлпырған жасыл шабындық хош келдіңдер деп, машиналарды қарсы алуға әдейі жасанып, алдынан шығып келе жатқан сыяқтанады.

— Шабыс етегі осы — деп, бір араға келгенде Жұлдыз машиналарды жолдан бұрды.

(Жалғазы бар).



Қуаныш

Әңгіме

Құрманғазы Бәкіров.

Суреттерін салған А. Воеводин

Үй іші қатты ұйқыда. Жатқандарға анау-мынау салдыраған дыбыс та ешқандай әсер етпейтін тәрізді. Түннің жартысы ауған уақыт. Терезе ашық тұр. Жазғы салқын самал үй ішінде баяу есіп, бейнебір жатқандарды желпіп тұрғандай ұйқы үстіне ұйқы жамап маужырата түседі. Дала да көз шырымын алған жандай мүлгіп тұр. Тек, оқта-текте ағаш жапырақтарының сыбдыры ғана естіледі.

Үй іші алакелеңке. Терезе жақтан аздап күңгірт жарық білінеді. Бірақ, онан үй ішінде не барын түп-түгел аңғару қиын.

Жатқандардың тыныстауынан өзге үйдің терезе жақ бұрышында біреудің есінегені естілді. Әлгі жатқан адам орнынан қайта-қайта қозғалып қояды. Кенет терезеге тұтылған жібек пердеден жалт етіп ай сәулесі анық көрініп қалды. Сүттейі аппақ сәуле үйдің сол жақ қабырғасына кейде ап-айқын түседі де, кейде күңгірттене қалады.

Ай сәулесі әлгі ояу жатқан жанды кішкентай да болса мазалаған тәрізді. Үстіндегі одеалын серпіп тастап терезе алдына барды да, пердені түріп сыртқа көз жіберді. Шоғырмақ-шоғырмақ болып топтанған бұлттың арасында анда-санда жалт етіп, тұнық, ақ сәулелі жүзін көрсетіп қалған айға қарап азырақ тұрды да, кері бұрылды. Бұл кезде анасы оянып кетіп, оның қасына келті.

— Ертең оқуға барайын деп отырсың, тыныстауың керек, — деді қызының қуанышына іштей ортақтасқан ана өтінішті дауыспен.

— Я, мен жатсам ұйықтап қала жаздаймын. Оқудан қалып қоямын сосын, — деді қызы анасының сөзіне қабағын түйе төмен қарап.

— Қой, Клара, мен сені қалдырмаймын. Оқуға баратын уақыттан бұрын оятып, өзіңді мектепке алып барайын. Қазір жатып ұйықташы, күнім!

Клара анасының сөзіне сенгендей болып, басын изеді де, кроватина жата кетті.

— Ал егер, өзің тағы да оянсаң, мына сағатқа кара, — деді анасы терезе алдына қоныраулы сағатты қойып жатып, — тура алтыда қонырауын соғады. Сонда сен де, мен де оянамын боламыз. Ұқтың ба?

Клара терезеге жалтақ-жалтақ қарап, көпке дейін аунақшып ұйықтай алмады. Біресе сырт-сырт соққан сағат үніне, біресе оның ірі-ірі өрнектермен жазылған цифрларына көз салады. Одап жөнді ештеме көре алмай тек қарауытқан іздерді ғана аңғарады да, әлгі анасы айтқан алтыны іздеп, кірпік қақпай тағы да ұзақ қадалады...

Мінс, жазғы таң бозала белгі беріп, көк қараңғылық сирей бастады. Аласәуле үй ішіне де енді. Кенет таңғы тыныштықты бұзып, терезе алдында жүрген таң жаршысы әсем дауысты әтеш қанатын қомдап желпініп алды да, бар дауысымен тамағы жыртылғанша шақырды. Оның сынғыраған ашық, әрі әсем үні тынық ауаны тербетіп, тұс-тұсқа тарап жатты. Әлгі дауыс толқындалып терезе арқылы үй ішіне енді. Клара әтеш дауысына елең етіп, оянып кетті де, басын көтеріп жан-жағына мазасыздана қарады. Терезе алдындағы сағатқа көзі түскенде ол қатты қынжылды. Өйткені минуттік тоғызды көрсетіп тұр екен. Бес пен алтының арасында тұрған сағаттықпен санаспады. «Апам айтқан алтыдан өтіп кеткен, енді қайттім» деп абыржыды ол ішінен.

Орнынан ұшып тұрып үн-түнсіз киіне бастады. Ең соңынан кітап салған сумкасын қолына алды да, анасының кроватина жақындады. Оған: «ана, ояң!» — дегісі келіп тұрды да, тағы да манағыдай ұйықта деп айтар деген оймен үн-түнсіз шығып кетті.

Дала әлі де болса қараңғылау. Жан-жақтағы

үйлер, ағаштар тек жақын маңдағылары болмаса, қарауытып көрінеді. Бұлттар тарап кетіпті. Ашық аспан. Жаңа ғана саз берген таң шапағынан оқшауланған жұлдыздар өте сирек және болмашы әлсіз жарықпен жымың қағысады.

Асыға қадам басқан ол колхоз ортасындағы екі жағы балғын жапырақты жас ағаштармен қоршалған кең көшеге түсті де, мектепке қарай тура тартты.

Қлара сәл жүрген соң артына қарап еді. Өз үйінің алысырақ қалғанын байқады да, бір нәрседен сескенгендей тоқтай қалды. Алдыңғы жақта тұрған ағаштардың бірінің жанында қалбыйып бір нәрсе жатыр. Көзге қомақты, көңілге қорқыныш салғандай тым қолайсыз бейне. Қлара әлгі көрінген қараға қарап назар салып, ұзақ тұрды. Жүрегі жиі дүрсіл қағып, денесін әлде нендей қорқыныш билей бастады.

«Жатар алдында жарқырап жанып тұрған электрлер неге сөніп қалған? Мен оқуға баратын күні неге жанып тұрмайды олар?»...

Осылайша ол әлденеге ренжіп, әрі қорқып тұрса да, аяғын ептеп басып алға жылжыды. Әлгі қарайған нәрседен қашып, жолдың оң жағын ала жүріп келеді. Оның тұсына жақындағанда Қлараның қорыққандығы соншалық, екі беті шоқтай ысып, оған қарауға батылы бармай тек көзінің астымен ғана байқап келеді. Кенеттен оның әлгі қорқынышы жоғалғандай болды. Қарайған нәрсеге жақын келгенде көзіне таныс, үйреншікті бір нәрсе елестей кетті.

«Жыйнап қойған шөптен де қорқады екеммін ғой», — деді ол өзіне-өзі кейігендей. «Менің мұнымды Аманкелді естісе, шөптен қорқақ деп мазақтайды. Менен бойы үлкен болса да, өзі осындай таң атқасын жүріп көрген емес».

Нақ осы кезде оның ренішті пішіні өзгере қалды. Мектепке жетіп-ақ қалыпты. Жүз метрдей жер қалғанда ол қуанғанынан тез жетуге асығып, бар әліпше жүгірді...

* * *

Шұғылалы күн шығыстан алтын арай сәуле шашып, жан-жануармен амандасқандай жер бетіне күлімдей қарады. Төрт түліктің жан-жақтан жамырай шыққан үндері бір-біріне ұласып, колхоз ауылы күндегі көңілді көрінісіне ене бастады. Көк шалғынды қуалап өріске мал өріп барады. Таңғы салқынға денесі тоназыған жылқы ауылдан аулақта секектеп шауып, құлыншақтары ойнақ салып жүр. Беті

үйрек-қазға толы ауыл маңындағы айдын көл де балқыған қорғасындай жалтырап жатыр. Бағаналарға орнатылған репродукторлар Москвадан айтылған әсем әнді шырқай түседі.

Көп ұзамай кітабын құшақтаған балалар да, баласын қолынан жетектеген аналар да, гүл егіп жазық даланы көріктендіретін, әп салып колхоз ауылын көңілдендіретін пионерлер де — бәрі де жаи-жақтан мектепке қарай ағыла бастады. Бұлардың жүздерінде де шексіз қуаныштың ізі ойнайды.

Қлара өз қуанышымен өзі болып, тіпті басқаға көңіл бөлмейді де. Мектепке кірген ол шеткі бір бөлмедегі партаның алдыңғысына орналасып алды.

Міне ол тағы да сыртқа шықты. Мектепке таяна берген бір топ пионерлерге қарай беріп еді, арт жағынан біреу оны еріксіз құшақтай алды.

— Маған айтпастан неге кетіп қалдың? — деді оған анасының дауысы. Қенет шыққан дауыстан жасқанып қалған ол сәл кешігіңкіреп жауап қатты:

— Оян апа, демедім мен. Сонда өзің тағы да ұйықтай бер деп айтатын шығар дедім.

Мұнан әрі ол қуана сөйледі. «Мен қалмаппын. Ерте келіпін...»

Ана қызының ақша жүзінен бір сүйді де, бұйра шаштарын сыйпап қойды. Сәлден соң ана мен бала мектепке кірді.



Мұнай

Очерк


Мұнай адам баласына атамзаманнан бері белгілі. Ол жайында тараған көптеген аңыздар ертегілер, хаттар, тарихи ескерткіштер сонау көне заманнан келеді. Біздің Отанымызды мекен еткен халықтар да мұнайды ерте кезден білген. Қазіргі Бакудың аса бай мұнай промисселдары орналасқан Апшерон түбегі өзінің «Мәңгі өшпес оттарымен» аты шыққан. Бұл от деп жүргендері жер бетіне шыққан жанғыш газдар еді.

Біздің Қазақстанда да мұнай көптен бері мәлім. Ембінің бір қатар жерлерінде мұнай жер бетіне шығып жатқан. Көшпелі қазақтар оны тезекке құйып, отын ретінде пайдаланған, сонымен қатар дәрі ретінде қолданып, ауру малдарды — қотырды, қыршаңқыны емдеген.

Адам баласы мұнайды бірнеше мың жылдар бұрын білуіне қарамастан, оның кең пайдаланыла бастауы тек өткен ғасырдың екінші жартысынан екенін көреміз. Қазір ол пайдаланылмайтын жер болсайшы! Өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да, транспортта да, медицинада да, тұрмыста да мұнай кең қолданылады. Мұнайдан төрт жүздей өнім шығарылады.

Осы айтып отырған мұнай дегеніміздің өзі не? Ол қалай пайда болған? Алдымен осы сұрақтарға қысқа түрде жауап бере кетейік. Мұнай — қоймалжың, майлы сұйық зат, ол көміртегі мен сутегінің қосындысы яғни углеводород. Сонымен қатар мұнайда күкірттің, азоттың, кислородтың қосындылары бар. Мұнай түр жағынан әртүрлі — қаракөк, қарасұр, ақшылсары, тіпті ақтүсті де болып келе береді. Ол, әлетте, судан жеңіл.

Мұнай қайдан пайда болған? Енді соған келейік. Шынын айту керек, бұл жайында талай жорамалдар, тіпті адам күлерлік болжаулар болған. Бірақ бергін келе мұнайдың қайдан шыққаны ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Ол — бір кездердегі теңіздердің түбінде өмір сүрген жәндіктер мен өсімдіктер организмнің шіруінен пайда болған зат. Көне заманның



келмеске кеткен сол бір қыруар жәндіктері келе-келе аса бағалы майлы сұйық затқа — мұнайға яғни «қара алтынға» айналған.

Ал, мұнай Ембіде қалай пайда болған? «Қазақстаннефть» бірлестігінің бас геологі, геология ғылымдарының докторы Николай Александрович Калинин бұл жайында былайша баяндайды:

— Бұдан миллиондаған жылдар бұрын, ескі кунгур заманында, Орал тауының батыс жақ бөктеріне дейін созылған Каспий маңындағы ойпат солтүстік мұз мұхитымен жалғасып жатқан кезде, осы аймаққа орасан көп тұз шөгіп қалған. Бұл тұз қазір де бар. Осы тұз Ембі мұнайының негізгі көзі болып отыр. Бергін келе, пермотриас деп аталған заманда, мұхитпен қатнас үзіледі. Орал тауынан және басқа сол маңдағы таулардан аққан өзендер тау жынысының жарықшақтарын — құм, балшықтарды әкеледі. Бұл жыныстар ала-құла түсті қыртыс болып қалады. Осы шөккен қыртыстармен бірге қыруар органикалық жәндіктер — балдырлар, тірі организмдер де көміліп кетеді. Бұлар температураның және бактериялогиялық процестің әсерімен мұнай тамшыларына айналған.

Орал-Ембі ауданы оңтүстіктен солтүстікке қарай, Каспий теңізінен Орал тауының оңтүстік бөктеріне дейінгі, батыстан шығысқа қарай Орал өзенінен Арал теңізіне дейінгі кең алқапты алып жатыр. Яғни бұл ауданның көлемі 500 мың шаршы метрден асады. Бұл ауданның елеулі бөлегі Каспий жағасындағы ойпат. Бұл ойпаттың ұшы-қыйырсыз даласынан көне замандағы теңіздің қалдықтары — жүздеген тұзды, сортаң көлдерді көресің. Оңтүстікке, Гурь-

езке қарай барған сайын бұл қолдер көбейе түседі. Самолеттен қарасаң, олар бейне сынған айнаның бөлегі сияқты әр жерде бір жалтырап көрінеді.

Былай қарасаң, сыйықсыз, осынау құм басқан, сортаң даланың қойнында «қара алтынның» сарқылмас мол қоймасы бар деп кім ойлар еді. Совет мұнайшыларының көп мыңдаған армиясы — геологтар, бұрғышылар, барлаушылар, көмекші жұмысшылар бұл байлықты Отанның игілігіне айналдыру үшін қажырлы еңбек етіп жатқанын білеміз.

Революциядан бұрын Ембіде небәрі Доссор мен Мақат қана болса, қазір көптеген промысел жұмыс істейді. Бұл өндіріс орындарын ұлғайтуда геолог-барлаушыларымыздың атқарған және атқарып отырған жұмысы өте зор.

... Қар жаңа ғана ери бастаған мезгілде Доссордан машинаға отырып алып бір топ барлаушы партия жүріп кетті. Бет алыс Сағыз еді. Барлаушылардың алдына қойылған міндет — мұнай шығатын жерлердің тұңғыш рет геологиялық картасын жасау болатын. Мұнсыз мұнай скважиналарын терең бұрғылауға кірісу мүмкін емес еді. Жол қағын шаршаған барлаушылар әрең дегенде Сағызға жетіп, шатырларын тікті. Жаңадан мұнай шығатын жерлерді табу үшін қызу іс басталды. Қол станогімен жер қыртысы бұрғыланып жатты. Бұдан алынған құм, балшық, саздарға қарап, карта жасалды.

Жаз бойы қажырлы жұмыс нәтижесінде мұнай іздеуші партия күздің бас кезінде картаға

түсіру мақсатында жүргізілген бұрғылау жоспарын мерзімінен бұрын орындады, геологиялық карта жасады. Бұл іс келешек ұлы іске жол салды.

Барлаушылар осы арада қыстау үшін жер үйлер салып алды. Олар елсіз жерге келеді, уақытша баспана тұрғызады, содан кейін бұрғылауға кіріседі. Жер астынан мұнай атқылағанда барып, мұрттарынан бір күліп жұмысты тоқтатады да, олар әрмен қарай жылжып, тағы бір жаңа орынға келеді. Ал олар қонып өткен жерде мұнай промыселдары орнап, қала салынып, электр шамдары жаңады, өмір қайнайды.

Барлаушыларды қыс қатты қысты. Бұрғылау тоқтап та қалды, су болса жетпеді. Топ қатқан жерден құдық қазып, су алып, олар бұрғылай берді, бұрғылай берді. Ақыры еңбек жанды. 7-скважинадан газ атылды. «Газ бар екен, демек мұнай бар деген сөз» деп бұрғышылар жұмысты қыздыра түсті. Бір сәтте мұнай көкке шапшып қоя берді. Мұнайдың ек бір бай көзі, Сағыз промыселы міне, осылайша ашылды.

Мылқау далаға жан кірді. Сортаң, тұзды көлдерді жарып жол салынды. Сағыз еңбек күйіне бөленді, құрылыс жұмысы кең өріс алды.

Промысел іске қосылар қарсаңында қатты дауыл тұрып, барлаушыларды құмға көмді. Бірақ ешбір жан мылқау күшке бой бермеді, промыселді мерзімді күнде ашу үшін жұмысты өршелене істеді. Ақыры, олар дегендеріне жетті. Жаңа промысел сапқа қосылды. Ашылғаннан кейінгі жылдар ішінде бұл промысел елімізге он мыңдаған тонна сапалы мұнай берді.

Көптеген Ембі промыселдары — Қосшағыл, Құлсары, Сағыз, Мұнайлы тағы басқалары, міне, осылай ашылды. Еліміздің атақты мұнайшысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Балғаным Доспаева жұмыс істейтін Байшонас та міне, осылай ашылды. Мұнай өндіруші мастер Садыр Әжібаевтың бригадасы қажырлы еңбек етіп отырған Қаратон да міне осылай ашылды.

Кең арналы өзенге құйған бұлақтар тәрізді Ембі даласының барлық түкпірінен мұнай аққан түтіктер мұнай проводының бас магистралына барып тоғысады. Ол бұл байлықты елімізге таратады.



Мұнай барлаушылар



Жаңа Қытайдың балалары

Жартылай феодал және жартылай отар болған қытайдың мәдени, саяси және экономика жағынан артта қалуы жасөспірім балалардың өміріне де терең із қалдырады. Әсіресе кедейдің балалары тұрмыстың ауыр азабын ерте көрді. Семейаның күн көруін жеңілдету үшін олар байларға жалданып жұмыс істеді. Тар, әрі лас «жүзбелі үйде» тұып, ауыр тұрмыста жарық көре алмай, өлімге ұшырайтын қытай балаларының өмірі жан төзгісіз еді. Аш-жалаңаш, теңірегесен жетім балалар қайыр сұрап қала кезді. Аштық, жалаңаштық, лас, астық жұкпалы ауру таратып, қытай халқын, әсіресе балаларды апатқа ұшыратты. Емдеуге болатын ауру көптеген жас өмірді қыршынынан қыйды. Ал, ұсақ ұлттар тұратын аудандарда халықтың өлімі адам айтқысыз көп еді. Монголия ішінде 1947 жылы (гоминдандық тәртіп кезінде) оба ауруынан 13 мың адам қырылды: әсіресе, балалардың арасында өлім көп болды. Жаңа туған жас нәрестенің жартысына жуығы тіпті бір жасқа жетпейтін. Қытайды азат еткенге дейін гоминдандық бандалар еңбекші бұқараның балалары оқыттын ешқандай мектеп ашқан жоқ. Балалар мекемелері өте аз

болды. Мекемелердің кейбіреулері шетел миссионерлерінің қолында болып, қытай балаларының санасын ұлап, ұрып-соғып мүгедек ететін орынға айналды.

1949 жылғы октябрьдегі халық революциясының жеңісі жас ұландарға бақытты балалық шақ әперіп, тамаша болашағына жол ашты. Халықтық үкімет балаларды өз аясына алып мейірманды, туған анасындай қамқорлық жасады. Халықтық үкімет балалардың денсаулығын сақтау ісінде көп жұмыстар жүргізді. Мемлекет қаржысымен он миллионнан аса балаларға шешекке қарсы, бір миллионнан аса балаларға туберкулезге, дифтерияға қарсы екпе егілді. Осы шаралардың нәтижесінде балалар өлімі шұғыл азайды. Пинюань провинциясында балалар өлімі 60 проценттен 1 процентке дейін кеміді.

Халықтық үкімет мектеп, балалар бақшасы, ясли, пионер лагерьлерін, санаториялар салу ісін кенінен өрістетті. Жас республиканың ең кішкентай азаматтары көптеген балалар мекемелерінде тәрбиеленеді. Қазір Қытайда яслилер саны гоминдандықтардың кезіндегіден 12 жарым есе көп. Панасыз жетімдер атымен жойылып, олар балалар үйі мен колонер училищелерінен орын тапты. Қытай балалары шетел миссионерлерінің қанды тырнағынан азат етілді. Жазықсыз жас жандарды азаптаған бұл жалмауыздар тиісті жазасын алды.

Елдегі ең жақсы игіліктің бәрі балаларға арналған. Көркемдігі көз тартқан жарық сәнді үйлер де, мектептер де, кітапханалар да, пионер Сарайлары да ашылды. Жастардың білім алуына толық жағдай жасалды. Қазір бастауыш мектепте 49 миллион бала, орта мектептерде үш миллион 70 мың бала оқыйды. Солардың көбі — жұмысшы-шаруалардың балалары. Ұсақ ұлттар балаларына арналған бастауыш мектептер саны да тез өсуде. 950 мың бала оқыйтын 13 960 бастауыш мектепте сабақ ұсақ ұлттар тілінде оқытылады. Революция жеңгенге дейін тіпті өз алдына жазуы да болмаған мяо және басқа халықтарды еске алғанда жаңа Қытайда мектеп жүйесінің мұндай кең өріс алуы, — қытайдағы халық революциясының зор табысы деуге болады. Мектептегі тәлім-тәрбие жұмысын пионер ұйымы жүргізеді. Бұл ұйымның қатарында үш миллион пионер бар. Жаңа демократиялық Жастар Одағының басшылығымен мектептердегі пионер ұйымы балаларды туған Отанын, халқын, еңбекті, ғылымды шексіз сүю рухында, интернационализм және коллективизм рухында тәрбиелеуде. Пионерлер — оқуда, еңбекте тәртіп сақтауда барлық оқушыларға үлгі. Олар жаңа тұрмыс құрып жатқан өз халқына қолынан келгенінше көмегін тигізеді. Мыңдаған пионерлер тұрғын халықтардың сауатсыздығын жоюға көмектеседі. Сондықтан да халық оларды зор сүйіспеншілік сезіммен «Кішкентай мұғалімдер» деп атайды. Пионерлер пайдалы қоғамдық істер де атқарады. Қалған қаласында оқушылар мыңдаған түй ағаш отырғызып, ұқытылықпен күтіп өсіруде. Цзянсу провинциясының солтүстік бөлегіндегі қала балалары зиянды жәндіктерді жою үшін деревнялық достарына көмекке келіп тұрады. Шаруалардың ауыл шаруашылық жұмысына көмектесу пионерлердің дәстүріне айналған.

Балалар елдің саяси өміріне де белсене қатысады. Олар жиынаған ақшаларына Кореяда соғысын жатқан халық еріктілері үшін сыйлық, корей балаларына киім-кешек жіберіп тұрады. Батыр әскерлердің семьясына көмектеседі. Әскерлер семьясына концерттер қояды. Майдандары әскерлермен хат жазысады.

Жаңа Қытайдың балаларына барлық жағынан ой-өрісі кең, дені сау, өз елінің мәдениетті, саналы құрылысшылары болу үшін қажетті жағдайлардың бәрі жасалған. Балалар сабақтан кейінгі бос уақытын техникалық, музыка және балет үйірмелерінде өткізеді. Биология үйірмелерінде табиғатты жаңарту жөніндегі Мичурин ілімін үйренеді. Ал, әдебиет үйірмелерінде



Мао Цзе-дун балалар арасында

көрнекті қытай және совет жазушыларының көркем шығармаларын оқиды. Көптеген оқушылар авиомодель өнерімен шұғылданады. Тек бір «Синьшэн» мектебінің өзінде ғана 300 авиомодельші бар. Үйірме сабақты жете біліп игеруге үйретеді. «Бұрын біз физика-математика ғылымына жөнді көңіл бөлмей келдік. Авиомодельшілер үйірмесінде оқығаннан кейін ғана, дейді оқушы Ду Чжи — бұл ғылымды жақсы көріп, сүйіп оқыйтын болдық».

Жаз айларында балалар теңіз жағасында, жасыл орман алқаптарында пионер лагерінде дем алады. Көптеген пионерлер мен оқушылар жазғы демалыс кезінде жорықтарға, өлке тану саяқатына шығады. Ұланбайтақ Отанның шексіз байлығын, тамаша табиғатын зерттейді, данқты тарихи жерлерді аралайды. Қытай балаларының ең сүйікті саяқат жасайтын жері — Хунань провинциясындағы Шаониды деревнясы. Бұл деревня — қытай халқының ұлы көсемі Мао-Цзе-дунның туған жері. Олар мұнда Маоның туып өскен үйін, оқын жүрген кезіндегі оқулықтарын көреді. Маоны оқытқан мұғалімдерімен әңгімелеседі.

Қытай балаларына арналған көптеген кино, театрлар, спорт алаңдары жасалған. Пекиндегі жастардың көркем театры жанынан балалардың опералық труппасы құрылды. Труппаның актерлері — жасөспірім балалар мен қыздар. Балалар операсы қалың бұқараның сүйіспеншілігіне бөленіп зор табысқа ие болуда. 1952 жылы июль айының өзінде ғана Пекия театрларында балалардың опералық труппа артистері 12 рет концерт берді. Маңьчжурияда балалар темір жолы бар.

Қытайда балалар ғылыми-көркем әдебиеті көптеп шығарылуда. Көрнекті жазушы, ақындар және ғалымдар балаларға арнап қызықты кітаптар жазады. Бала-

ларға арналған тиражы 500 мың болып шығатын «Жастық шақ» журналы және «Қытай пионері» дейтін газет бар. Бұлар — балалардың сүйікті досы, әрі ұстазы. Балалар газет беттерінен өздерін қызықтыратын сұрауларға жауап табады. Газетте басылған мақалалар тартымды, қарапайым балаларға ұғымды тілмен жазылды.

Қытай балалары Совет Одағының және халықтық демократия елдеріндегі балалардың тұрмысына зор ықылас аударып үнемі байланыс жасап тұрады. 1951 жылы Қытайдың үш пионер отряды Совет Одағында, Болгарияда және Берлиндегі Э. Тельман атындағы пионер лагерінде болды. Олар бұл елдердегі пионер ұйымдарының тұрмысымен, істерімен танысты. Совет оқушыларында қонақ болып қайтқан қытай балалары былай деп жазады: «Біз өзара пікір алысып, олардан көп нәрсе: әсіресе патриотизм және интернационализм рухын бойға дарыту жөнінде көп нәрсе үйрендік».

Совет пионерлері мен оқушыларының іс әрекеттері қытай балалары үшін үлгі болып келеді. Олар да біздің Зояны, Олетті, Лизаны тағы басқаларды жанындай сүйеді. Совет балалары қандай болса, олар да сондай болғысы келеді. Шикао деревнясынан шыққан ержүрек 7 шаруа баласы-

ның — бірінші қытай тимуровшыларының данқты тарихы бүкіл Қытайға белгілі. А. Гайдардың «Тимур және оның командасы» деген кітабын оқып әсер алған олар 1947 жылы гоминдандықтардың кезінде ұйымдасып, Халық азаттық әскерлерінің семьясына көмек көрсетті. Тимуровшылар өздерінің кіші-кірім сыйлықтарымен бірге: «асыға күткен тамаша күн кешікпей келеді» деп қуанышты хат жазып тұрды. 1947 жылы өздерінің деревнясын басып алып, тұрғын халықтарды өлтірген Чан-Кай-ши бандалары келгенде, тимуровшы балалар халық азаттық армиясының әскерлерімен байланыс жасап, жау туралы қажетті мәліметтер жеткізді. Олар хауіп-қатерден қорықпай, халық көп жүретін жерлерге листовкалар, ұрандар жапсырып, душпандардың телефон линияларын кесті. Қытай тимуровшылары өз деревнялары азат болғанға дейін, жау ортасында жүріп астыртын жұмыстар жүргізді. Бүкіл қытай халқы сияқты, қытай балалары жауға қарсы күресте және оқу мен еңбекте өзінің аға орыс халқынан үлгі алуға.

Мао-Цзе-дунның басшылығымен халықтық үкімет және қытай коммунистік партиясы жарқын болашағын қамтамасыз еткен Жаңа қытайдың балалары туысқандық, қалтқысыз көмегі үшін, Совет Одағына және Ұлы Сталинге зор сүйіспеншілікпен алғыс айтады: «Біз әрқашан да Сталиннің, Мао-Цзе-дунның ұлы идеясына берік боламыз. Қымбатты председателі Мао-Цзе-дунның нұсқауын еске ұстап, біз жақсы оқыймыз, денсаулығымызды шынықтырып, «Әрқашан дайын бол!» деген пионерлік ұранымызды адал орындайтын боламыз!».

Роза Шамжанова.

Отряд күнделігі

Очерк

Осы кішкене бала бағана сабақтан келгеннен бері тыным көрген жоқ. Қолындағы қалың жаңа дәптердің сыртына әдемілеп неше түрлі накыштарды салды, ол салғандарын түрлі түсті бояулармен бояды. Сөйтін бұл бояулардан «12-отрядтың күнделігі» деген жазу шығарды. Ол осы өнеріне қайта-қайта қарай береді, көз алмай қарайды.

Кеше отряд вожатыы Сапаш оны езіне шақырып алып пионерлік тапсырма берген. Тапсырма тығыз, әрі құрметті еді. Сабақтап шыққан бойда-ақ сол тапсырманы орындауға кірісті. Қуаныш осыдан туған еді.

Ол күнделіктің сыртын әшекейлеп болғаннан кейін, ішін жасауға кірісті. Әдемілеп бірнеше графалар жасады, ол графаларда істелетін де, істелген де жұмыстар жазылуға тиіс еді.

... Қадір жасаған күнделік, оның өзі айтқандай, пионер бөлмесінің тұтас бір қабырғасын алып тұрған күнделіктердің нақ ортасынан ілінді. Әр аптаның әр күні сайын отряд пионерлері өздерінің отрядында болып жатқан жаңалықтар мен істелген істерді тізіп отырды, бұл жұмыстар күнделіктің екінші бөліміне жазылған жоспар бойынша жүріп жатты. Отряд күнделігінің бетін ашқан сайын қызыға қарай бересін. Міне, ашындар, көріндер...

* * *

... Қоңырау соғылып, сабақ аяқталғаннан кейін 12-отряд пионерлерінің жыйыны болмақ. Отряд вожатыы Сапаш Тәуірбеков дружина

председателі Бидаш Жампозов пен мұғалімнің қатысуын сұрады.

— Оқушы М. пионер қатарына өтуге тағы да тілек білдірді,— деді вожаты жыйынды ашып тұрып.

— Бұған отряд пионерлері қалай қарайды екен,— деді мұғалім.

— Ол өткен жылы да осындай тілек білдірген еді, онда пионерлер оның сабақты нашар оқығаны мен тәртібінің нашарлығы үшін алмай қойған, кейінге қалдырған. Бұл оған үлкен сабақ болған сыяқты. Қазір оның алға ұмтылғысы келеді, коллективтен қалып қойғысы келмейді.

Коллектив күші, жолдастық сын оқушы М-ді жақсы жолға шығарды, мектептегі қоғам жұмысына да белсене араласып, сабақты да жақсы үлгіретін болды. Бүгін отряд жыйыны оны пионер қатарына алды.

Пионер қатарына өтіп тұрып, ол былай дейді: «Ленин — Сталия ісі үшін күресуге әрқашан да дайынмын!»

... 15 ноябрь 1952 жыл. КЛКЖО аудандық XIV комсомолдар конференциясы өтіп жатқан кез. Қолдарына қызыл ту ұстап, торн тартқан, барабан соққан бір топ пионер сахнаға шыққанда конференция делегаттары ду қол шапалақтап жіберген еді. Олар сөйлеген сайын делегаттар қол шапалақтап, сөздерін үзіп отырды. Бұлар Ақсуат ауданы орталығындағы БЛКЖО-ның 30 жылдығы атындағы орта мектептің 665 пионері атынан конференцияны құттықтауға кел-



Аманат Мұқышева Шұбартау ауданындағы (Семей облысы) «Алғабас» мектебінің IV-класында үздік оқыды. Ол жыл сайын кластан класқа мақтау грамотасымен көшіп келеді. Үздік оқумен қатар, Аманат колхоз өндірісін білуді де жақсы көреді, әсіресе, мал шаруашылығымен шұғылдандуды ұнатады, төлдерді камкорлыққа алады, бағып күтеді.

Суретте: Аманат өзі өсірген серкесінің қасында тұр.

Суретті түсірген *Иванов*



Пионерлер бөлмесінде

ген жасөспірімдер болатын. Олардың құттықтау сөздері төмендегідей еді.

Зоя: Кездескен қыыншылықтарды советтің жас азаматы ретінде жеңе білуге үйренеміз.

Жекен: Әкеміз Лениннің «Оқы, оқы және оқы» деген өсиетін естен ешуақытта шығармаймыз, класмызда, әр отрядта оқу озаттарының санын көбейте береміз.

Клара: Қоғам жұмыстарына белсене қатысып, іскерлігімізді арттырамыз.

Қадір: Біз еліміздегі талай-талай тандаулы жас натуралистер мен туристерді, жас мичуринистер мен жас орманшыларды жақсы білеміз. Біз солардан үлгі ала отырып, Отанымызды гүлдендіруге атсалысамыз.

Бәрі қосылып: Бүгін комсомол конференциясына қатысушы делегат ағайлардың алдында осы айтылған міндеттерді сөзсіз орындаймыз деп пионерлік ант етеміз.

Мұнан кейін олар «Совет Одағы пионерлерінің жырын» орындады...

... 31 декабрь 1952 жыл. Селода быйыл қар қалың жауған. Өткен демалыста 12-отрядтың пионерлері шаңғы теуіп, селоның батыс жағына жорыққа шыққан. Әр жерден бірнеше түрлі аққала соққан. Міне, бүгін отряд жаңа жыл кешін қарсы алуға әзірленуде. Балалар мектеп класс бөлмелерінің біріне ёлка ағашын орнатып, оны сымбатты түрге келтірді. Жылтырауық, ақ қар сыяқты затты сеуіп жібергенде ёлка ағашы кәдімгі аяздан қатып тұрған орман ішіндегі ағаштай боп кетті. Балалар бүгінгі кешке өздерінің класс жетекшілерін, аға пионер вожатыйын, дружина советі председателін шақырған.

Балалар Аяз атаны да тандап алды. Кеш басталды. Кеш көлілді өтіп жатыр. Отрядтың жас музыканттары музыка ойнайды, қалғандары өлең айтып би билейді.

Сағат 12.

— Жаңа жылда жаңа табыспен, жас достар! — дейді класс жетекшісі.

— Жаңа жылда жақсы оқыйтын болындар, — дейді Аяз ата.

... Отряд күнделігін осылайша аша бергін келеді, оқый бергін келеді. «12 октябрь 1952 жыл. Коллективті түрде киноға бару ұйымдас-тырылды». «18 ноябрь 1952 жыл. «Жер қалай пайда болды» деген тақырыпта әңгіме өткізілді». «1 декабрь 1952 жыл. Совет балаларының досы С. М. Кировты еске түсіру». «Пионер жыйыны өткізілді». «Отрядта дружина советі председателі Бидаш Жампозов баяндама жасады» — деген сыяқты жазуларды күнделік бетінен көптеп кездестіруге болады.

Бұл — дружинадағы тандаулы отряд. Осы кішкентай отрядтың, үлкен коллективтегі шағын топтың өзіне тән ісі, елеулі әрекеті бар. Бірақ бұл істі отрядтың вожатыйы Сапан та, отряд пионерлері де білмейді, ал біле қалған күннің өзінде де «біз мынадаймыз» деп мақтануды орынсыз көреді. Олар орыпды жерінде мақтана да біледі, мақтауды да сүйеді. Бұл — мақтаншақтық емес. Мұндай мінез отрядтағы әр пионердің тал бойына жарасқан. Күнделік жасап, отрядқа қанша пайда келтіргенін Қадірдің өзі де білмейді, бірақ оны коллективтің бағалайтынына ол сенеді.

Мойындарына қызыл галстук таққан жасөспірімдер мектеп жанындағы пионер бөлмесіне бірі келіп, екіншісі шығып жатты. Бөлменің бір жақ қабырғасына қаз-қатар ілінген үлкен-үлкен журналдар бірінен-бірі өтеді.

— Бұлар әр отрядтың күнделігі, — дейді аға пионер вожатый Нұрбек Қонысбаев.

Осылардың ішінде 12-отрядтың күнделігінің іші оқыйғаларға бай. Бөлмеге келген пионерлер қабырғада ілулі тұрған күнделіктерге келіп оның бетін ашады.

— Жоспар бойынша ертең біздің отрядта звено вожатыйларының жыйналысы болмақ екен, — дейді оқу озаты Әсия Рақымжанова мен Роза Назарова.

— Біздің отрядта ертең жас музыканттардың өнері байқалады. Бұл сөздерді Ринат қойын дәптеріне жазып қойды.

Бұл шағын ғана кітапша осы отрядтың шежіресі тәрізді.

Н. Шакеев

Ақсуат селосы.

Иоганнес Бехер

Бейбітшілікті нығайтушы қайраткерлерге арналған халықаралық Сталиндік сыйлық соғысқа қарсы жанқиярлық күрестер жүргізуші адамдарға берілетін жоғары дәрежелі және құрметті награда болып табылады. Осы сыйлықты жуырда тамаша неміс ақыны Иоганнес Бехер алды.

1917 жылы, Россияда Октябрь социалистік революция болғанда, Иоганнес Бехер өленді жаңа жаза бастаған ақын еді. Бірақ, жас ақын совет республикасының нағыз бейбітшілік тірегі болатынын сол кезде-ақ ұқты. Ол өзінің таңдаулы шығармаларын социализм құрушы елге, соғысқа әзірленуші капиталистерді әшкерелеуге арнады. Бұл үшін капиталистер оны ұзақ жылдар бойы тұтқында ұстамақ болды. Мұны сезіп барлық елдердің ақниет адамдары Бехерді қорғауға көтерілді, олардың ішінде ең бірінші боп ұлы пролетар жазушысы Максим Горький қарсылық білдірді. Буржуазиялық сот халық тегеуірінінен тайсалып, революционер ақынды тұтқындан босатты.

Германияға фашистік өкімет қаралы күн орнатқан соң, Иоганнес Бехердің туған елін амалсыз тастап кетуіне тура келді. Ол 1935 жылдан бастап Москвада тұрды.

Бехер көп өлеңдер жазған адам. Ол өзінің өлеңдерінде капиталистік елдердегі жұмысшылардың ауыр өмірін, бүкіл семьялардың ашаршылыққа ұшырауын, олардың не панаасы, не ылпасы жоқтығын жырлайды. Ол елдерде қыстың аязында мындаған жұмысшылар көшеде ұйықтаса, бұл уақытта байлардың қарындарын сыйлап көңірсіген үйлерінде масайраумен болатыны суреттеледі.

Иоганнес Бехер Совет Одағында тұрған жылдарының өзінде, фашизмге қарсы өлеңдерімен қажырлы күрес жүргізді. Ол фашистердің аюандықтары туралы, халық жеңісіне сенген күресші — коммунистердің бағылдығы мен батырлығы туралы айтты.

Неміс ақынының басына ауыртпалық түскен ауыр жылдарда, оған совет халқы қол ұшын берді. Ол социализм елінің қалай өсіп келе жатқанын, біздің елдің халқының қалайша жанқиярлық еңбек ететінін, балалардың қандай бақытты өмір сүріп, сабақ оқыйтынын көзімен көрді.

Иоганнес Бехердің көп шығармалары Совет Одағы Коммунист Партиясының көсемдері Ленин мен Сталинге, советтік достарына арналған. Оның бір өлеңі тура «Совет Одағындағы достарыма алғысым» деп аталады, Владимир Ильич Ленинге арнаған өлеңінде Бехер мың жыл өткеннен кейін де Ленин есімі қырмызы қызыл ту бойын желбіреп тұрады, дейді. Оның екінші бір өлеңі «Ұлы есім гимні» деп аталған. Бұл ұлы есім — Сталин! Дүние жүзінің барлық бұрыш-бұрыштарындағы қарапайым адамдардың өмір сүруіне, күрес жүргізуіне, еңбек етуіне, үйренуіне көмек көрсетуші де осы есім.

Ұлы Отан соғысы жылдары Иоганнес Бехер өзінің барлық творчестволық қаруын фашистерге қарсы күрес жүргізуші халықпен бірге, жеңіске жету жолына жұмсады. Ол совет халқының, оның армиясының батырлығын, олардың неміс халқын фашизмнен құтқаруын жазды. Бұл жылдары жазылған өзінің таңдаулы өлеңдерін ол «Сталинградқа алғысым» деп атады.



Сол өлеңінде:

*Ұлы совет елінің, батыр халқы,
Ақынның асыл жыры сендер үшін!
Халықтың азаттығы — тірегісің
Әділет, ақыл, сәуде әкелесің, — дейді.*

Қазір неміс халқы бейбіт өмір үшін қажырлы еңбекке жұмылған. Оның игі ісіне Совет Одағы көмектеседі. 1949 жылы октябрьде Берлинде Герман демократиялық республикасы жарияланып жер, фабрикалар мен заводтар еңбекшілер меншігіне айналды.

Бірақ бейбітшіліктің жауы — америка империалистері неміс халқының бейбіт өмір құруына қарсығын тигізбек болады. Олардың жаңа соғыс өртін тұтатып өзіне ожа табу мақсатымен қарапайым адамдарды соғысқа айдап салғысы келеді. Осы зұлымдықпен олар бүкіл Германияның басын біріктіруге қарсылық жасайды. Неміс халқының басы біріксе, онда біріккен бұл халық өзін қантөккі ұрысқа салуға жол бермейтінін соғысқұмарлар жақсы біледі.

Сондықтан Герман демократиялық республикасының маңына бірігу күресін жүргізу неміс халқының таң-

даулы ұлдарының, онымен қоса бейбітшілікті жақтаушы барлық күрескердің ісіне айналды.

Германия фашист бұғауынан азат етілісімен Иоганнес Бехер отанына қайтып оралды. Ол енді жұмысқа тек ақын болып емес, онымен қоса белсенді қоғам қайраткері болып кірісті. Ол — Искусство академиясының президенті, Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі.

Германияның азат болуына қуанған Бехер осы азаттыққа арнап талай сазды өлеңдер жазды.

Ол көп шығармаларында демократиялық жаңа мемлекетті, ондағы еңбекшілердің өмір құруын, егін салуын, өз игілігіне лайықтан жерді жаңғыртуын жырлайды.

Ол «Жаңа жерде» деген өлеңінде енді жалшы да, мырза да жоқ, жасасын біздің мемлекет, дейді.

Бехер не жазса да, оның ең алдымен көксейтіні — Германияның бірлігі, дүние жүзіндегі бейбітшілік. Бұл — оның барлық поэмалары мен өлеңдерінің өзегі.

Иоганнес Бехер Герман демократиялық республикасының тамаша гимнін жазды. Бұл гимнде германияның барлық халықтармен ынтымақтаса отырып, балалардың бақытты болашағын құру әрекеті, оның бейбітшілігі жырланады.

*Өз күшіне берік сеніп
Ер жетеді баламыз.
Олар — Отан болашағы —
Жарық, жылу, қуаныш!
Жаңа өмірдің жарық күні,
Біздің герман еліне,
Мәңгілік
Туы». дейді гимн.*

Ақын Кореяда соғыс жүргізіп жатқан, жаңа соғысты бастау үшін Германияның ауыз бірлігіне іргі салушы Американың империалистерін ызалана айыптайды.

Иоганнес Бехердің өлеңдерін Германияның үлкендері де, балалары да біледі, ол өлеңдер көп тілдерге аударылып жастардың халықаралық фестивалдарында айтылады.

Иоганнес Бехер өзінің жалынды, өткір өлеңдерін бейбітшілік жолында күрес жүргізуші халықтардың алдыңғы қатарына қосылған Германия жастарына арнайды. Германия жастарының ең күрескер, белсенді бөлегі Герман Демократиялық Республикасының кәсіпкерлерінде еңбек өнімін арттырудың бастамашысы болып келеді. Олар өз республикасының табыстарын соғыс өртің тұтандырушылардан қорғап қалуға әзір.

Барлық елдердің ізгі ниетті адамдары бейбітшілік жолындағы күрескер, неміс жазушысы Иоганнес Бехерге Сталиндік сыйлық берілуін сүйсіне қарсы алды. Бұл совет елінің бейбітшілікті қолдауының айқын белгісі.

Е. Рубинова,

*Қазақтың Мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы*

Өнеге

Әңгіме

Ақырғы сабақтан кейін IV-«б» класының жыйналысы басталды. Балалар жыйналыстың көпке созылмайтынын білсе де, бүгін қандай мәселе қаралатындығын білмейтін. Бәрі де тымтырыс, Нұрқан апайдың мейірбан жайдары жүзіне сабырмен қарап қалыпты. Шынын айту керек, балалардың ішінде «мен туралы айтар ма екен?» — деп өз мінін еске түсіріп отырғандар да бар еді.

Мұғалім стол үстіндегі кітаптарын жыйнастырды да:

— Балалар, қайсың таң ертең тұрғанда төсектеріңді өздерің жыйнайсындар? — деп оқушыларға қарады. Ал, олар күлімсіреп бір-біріне қарайды. Балалардың ешқайсысы тосыннан қойылған бұл сұраққа «мен» деп жауап бере алмады. Аздан кейін сәл қысылыңқырап Азатбек қол көтерді. Басқалар оған күліп жіберді.

Нұрқан апай енді оқушыларға басқа сұрақ берді:

— Қайсың Чапаевтай болғыларың келеді?

Бұған кластағы 25 оқушының бәрі де қолдарын көтерді. «Чапаев болу — төсек жыйнау емес ғой», — деп қойды артқы партада отырған ересектеу бір бала. Балалар ду күлді. Апай да күлді.

— Ал, енді сендер тыңдандар, — деді мұғалім, — мен Василий Иванович Чапаевтің өмірінен бір әңгіме айтайын. Ол кезде Василий Иванович Соғыс академиясының жанындағы курста оқып жүр екен. Бір күні ол сабақтан келсе жатақханада бірге жатқан жолдасы орнынан тұрған бойы төсегін жыйнамастан кетіп қалыпты. Сонда Чапаев ашуға булығып былай дейді: «Өзінің төсегін жыйнауға ерінетін адамнан қандай командир шығар екен?»

Нұрқан апай әңгіменің осы жеріне келгенде кілт тектап қалды. Ол балаларға қарады. Ал балалар, ұялғанынан қысылыңқырап, бірақ, әңгімені ынтыға тыңдап отыр екен. Сірә, оларды сүйікті батырдың қылығы қызықтырып әкетсе керек.


Азатбек орнынан тұрды да:

— Ондай адам командир емес, солдат та бола алмайды, — деді.


Бұл жолы оған ешкім де күлген жоқ.

Көбей Сейдаханов


Жұмбақтар




Көкала шапан киеді,
Күн шуакты сүйеді.



Қанаты бар — ұшпайды,
Жұрт айламен ұстайды.




Көлігі жоқ — көшеді,
Өзін кезбе деседі.



Жіппен келеді,
Үзсең сөнеді.



Бұдан кір қорқады,
Судан бұл қорқады.



Жыйсаң таяк,
Ашсаң сая.

М. Әлімбаев.

Жиіркенішті кітаптар

Түркия дүкендерінде балаларға арналып адам жиіркенерлік кітаптар сатылады. Мұны оқыған ата-аналары балаларын оқудан да, жазудан да мүлдем тыюда.

Бұлар әдейі балаларға арналып Америкадан жіберілген кітаптар.

Жиіркенішті кітаптар
Дүкендерде толып тұр,
Балаларға арналған,
Тысы — жасыл, күрен, сұр, —
Кітаптарды қан малған.
Балта, қылыш, мылтықтың
Суреттері салынған.
Шошынарлық біреу тұр,
Әлде нені жамылған!..
Құлып, тұзақ, кісеннің,
Салбыраған шынжыры.
Әлде албасты...

Әлде жыи...
Әлде ненің үнгірі?..
Ұрлық-қарлық, төбелес...
Жеті басты жыландар..
Зорлық-қорлық, сүм елес,
«У құйылған құмандар...»
Жазылыпты «сыйқыры»
Ата алдар, ана алдар,
Былшыл, кыйқым-сыйқымы.
Бос қаңғыртқан қыялар..
Қалай ұстау пышақты?
Қалай сілтеу қолынды?
«... Әне, біреу, кісі атты.
Бұл атуы орынды»..
Қылғындырып біреуін,
Буындырған сымменен.
Қарасаң түс-ренін,
Адам шошыр түрінен...
Бір сурет тұр жаланап,
Қарауға да болмайтын...
Өлген дене, кескен бас,
Жендет те тұр қорғайтын.
Бұл кітаптар бәрі де,
Балаларға арналған.
Әлде әшекей, сәні ме?
Суреттерін қан малған.
Америкадан келіпті,
Сапар шегіп кітаптар.
Дүкендерге еніпті,
— Балаларға сатып ал!
Мұны оқыған ата-ана,
Жаны шошып, безеді.
Бақытсыз кілең көң бала,
Көше бойлап кезеді.
Я, «жаны ашыпты,»
Американың балаға.
Көре сала қашыпты,
«Бұл сүмдық!..» деп бала да.

Жақан Сыздықов

Жеміс ағаштарын күту

Баудағы көктемгі жұмыстарды қар кетпей тұрып бастаған жөн. Бұл жұмыстарды бастамастан бұрын қажетті материалдар мен саймандар әзірлеп алу керек. Оларды әзірлеу қиын емес. Бірінші кезектегі қажет заттар мыналар: ағаштардың артық бұталарын кесілген жерлеріне жағатын бау замазкасы, оны әзірлеу үшін екі есе қарамай, екі есе тұздалмаған тоңмай, бір есе балауыз алып, ең алдымен қарамайды отқа қыздыру керек, оған балауыз қосылады да, содан кейін тоңмай салынады. Бұл ертінді 2—3 минут қайнатылғаннан кейін әзір болады; ағаштың өн бойына жағатын қайнатылмаған әк, мұны дайындау үшін бір шелек суға бір килограмм әк езу керек; үш проценттік темір купоросын әзірлеу керек. Осылардың бәрі әзір болғаннан кейін бауда қолданылатын аспаптар дайындалынады.

Көктемде баудағы істелетін жұмыстар жеміс ағаштарының діңгегін және бұтақтарын тәртіпке келтіруден басталады. Ол үшін ағаштың діңгегіндегі ескі қабықтары ағаш немесе металл қалақшалармен тазаланып, әктеледі. Бұл жұмысты істегенде жаңа қабықты қопарып алмау үшін өте ептілік керек. Ескі қабықтың арасында зиянды жәндіктердің ұрықтары болады, сондықтан оларды бір жерге жыйнап, өртеп жіберген жөн. Егер ағаштың діңгегінде зақым келген жер болса, маңындағы қураған қабықтардан тазартып, оған бау замазкасын жағып, жөкемен орап қойған жөн. Ағаштың бойында қуыс жер пайда болса оны үш проценттік темір купоросымен дезинфекциялап, қуысқа майда тас салып, күм әк және цементтің ертіндісін құю керек (6 есе күм, 1 есе әк, 1 есе цемент). Егер қуыс кішкентай болса майда, тас салмай осы қоспаның өзімен ғана толтыруға болады. Осы сыяқты қуыстарды «емдеу» ағаштардың өмірін ұзартып, жеміс беруін жақсартады.

Бұтақтарды күту. Көктемнің алғашқы кезінде жеміс ағаштарының былтырғыдан түспей қалған жапырақтарын, жемістерін түсіріп, баудың зиянкесі — ақ шұбар көбелектердің ұясынан тазарту керек. Бұл жұмыс баудағы ағаштарды грибокты аурулардан түспей қалған жапырақтар мен жемістердің ішінде қыстап шығатын бау зиянкестерінің әрекетінен сақтау үшін жүргізіледі.

Бұтақтардың ұшын кесу. Көктемде

ағаштардың қураған және сынған бұтақтарын кесіп тастау керек. Кескеннен кейін оларды ағаштың маңынан алып кеткен жөн, әлі тканьдар шірігенде ағашқа зияны тиеді. Сонымен қатар ішіне қарай піліп өскен бұтақтар да кесіледі, өйткені оларға күн сәулесі аз түседі де жеміс бермейді, бұл бұтақтар ағаштың ауадан, күннен және жерден алатын қоректеріне ортақтасып, бүкіл ағашқа кесірін тигізеді. Айқасып немесе бұратылып өскен бұтақтарды да кесу керек.

Бұтақтарды өткір аспаппен кесу керек. Бұтақ дөңгелете кесіледі, оның басқа жеріне зақым келмейтін болсын. Керексіз бұтақтарды кесу жұмысы ағаш бүршік жармай тұрған кезінде жүргізілуі тиіс. Бұтақтарды кесу жұмысы аяқталып, баудың іші құрғап, келкеннен кейін бау іші түскен жапырақтар, жемістер мен кесілген бұтақтардан және басқа қоқыстан тазартылады. Мұның бәрі бір жерге жыйналып, өртелуге тиіс. Егер бау суармалы жерде болса, оны бірінші рет суару керек. Ерте көктемде өсетін ағаш тамырларына су арқылы қорек заттары барады.

Көктем кезінде тыңайтқыш қолдану. Тыңайтқышты қандай мөлшерде қолдану, оның саласы қандай болуы және қай уақытта қолдану керек екені ағаштардың жасына байланысты болады. Әзір жеміс бермейтін 3—5 жылдық жас ағаштардың әрқайсысына 20 килограмм қый, 90 грамм аммиак селитрасы, 180 грамм суперфосфат



Мектеп участогінде

және 60 грамм хлорлы калий қолданылады. Жеміс беретін 10—12 жылдық ағаштардың әрқайсысына 60—70 килограмм қый, 300 грамм аммиак селитрасы, 700 грамм суперфосфат, және 200 грамм хлорлы калий қолданылады. Әзір жеміс бермейтін жас ағаштарға тыңайтқышты ерте көктемде түгел беру дұрыс, өйткені тыңайтқыш жас ағаштың тез өсуіне көмектеседі. Ал жеміс беретін «кәрі» ағаштарға ерте көктемде тек фосфорлы тыңайтқыш — суперфосфат қана қолданылады, өйткені ол ағаштың тез гүлдеп, тез жеміс салуына көмектеседі. Аммиак селитрасы және қый сыяқты азотты тыңайтқыштар ағаш гүлденіп, бұтақтары мен жемістері өсе бастаған кезде қолданылады.

Минералды тыңайтқыштарды қолданудың екі әдісі бар. Бірінші әдіс — тыңайтқыш ағаштың маңына айнала себіледі де, араластырылып, жермен бірге жыртылады, немесе қазылады. Екінші әдіс тыңайтқышты әр жерге ұялап көму. Ағаштың бауырында, бұтақтардың ұшы жететін жердің деңгейіне дейін (ол ағаштың тамырлары созылатын жердің деңгейіне тең болады) тереңдігі 30—40 сантиметрлік шұқыр қазылады.

Ағаштың айналасындағы шеңбердің әр метрі бойына екі шұқыр қазылуы тиіс. Осы шұқырларға қыйыршықталмаған минералды тыңайтқыш бір ағашқа арналған мөлшерде салынып, үсті топырақпен көміледі. Ұялау әдісімен ағаштарды тыңайту 3—4 жылдың ішінде бір рет жүргізіледі. Көктемдегі тыңайтумен қатар, әр ағаштың айналасындағы шеңбердің ішінде қопарылып, топырағы босатылады. Бұлай еткен жағдайда ағаштың тамырларына ауадан оттегі келеді. Сондықтан ағаштың айналасындағы шеңбердің кендігі бұтақтардың ұшы жететіндей болуы керек, өйткені тамыр да бұтақтың созылған жеріне дейін жетеді. Қазғанда тамырға зақым келмеуін ескеру керек. Қазудың тереңдігі ағаштың тамырлары орналасуына байланысты әртүрлі болады. Қазылған жердің топырағын темір тырнауышпен қопсыту керек. Ағаш айналасындағы шеңбер ішіндегі топырақты қопсытқан соң ерте көктемде күту жұмыстары аяқталады.

Х. Байда

Қазақ Мемлекеттік университеті ботаникалық бақшасының директоры.

Түлкі мен қасқыр

(Орыстың халық ертегісі)

Баяғыда бір шал мен кемпір болыпты. Шалы отырып кемпіріне:

— Кемпір, мен шана жегіп барып, біраз балық аулап қайтайын, сен бір тіске жұмсақ пирог пісіріп қойғайсың, — дейді.

Қармағы жақсы қауып, шалдың шанасы балыққа толады. Көлігін толтыра тиіп алып ол үйіне келе жатқанда: жол үстінде дөп-дөңгелек болып жатқан түлкіні көреді.

Шал шанадан түсе салып келсе, түлкі қыбыр етпестен өліп жата береді.

— Міне тегін олжа! Кемпірімнің ішігіне жақсы жаға табылды, — деп қуанады ол.

Шал түлкіні шанаға құйрықтан ырғытып жіберіп, қуана өзі аттың алдына түседі.

Міне, енді әлгі айлакер түлкі бұғып алып ақырын, бір балықтан кейін бір балықты ырғыта береді, ырғыта береді.

Осылайша бар балықты түсіреді де, оның өзі де зып беріп, сытылып қала береді.


Шал үйіне жетісімен кемпіріне мақтана дауыстап:

— О кемпір, кемпір-ай, мен, сенің ішігіне керемет жаға әкелдім ғой! — деді.

Кемпірі де қуанып қутындай шанаға келсе: онда жаға да, балық та жоқ болып шығады.

Ал, кемпір шалына енді бір бажылдап берсін, — Тәйір алғыр, алжыған қу шал, мені қартайғанда осылай алдамақ екенсің ғой, сен! Айлакер түлкінің өлмегенін шал сонда ғана білді. Не қылмақ: байғұс санын бір соғып, өкінді де қала берді.





Ал, айлакер түлкі бұл уақытта барлық тапқан олжасын жолдың үстіне үйіп қойып, әшейін шетінен кертіп жей бастады.

Қасқыр келіп, мұны көре салып:

— Амансың ба құдаша, ас тәтті болсын! — дейді.

— Иесі қатты болсын. Жегенім — өз тапқаным, сен өзің жақындамай аулақ тұр.

— Балығыннан маған да?

— Өзің аулап ал да — же!

— Ой құдашатай-ау, мен аулай білмеймін ғой.

— Сол да сөз бе! Міне мен аулап алдым ғой. Құдағый-ау, сен де ана өзенге бар да, құйрығыңды суатқа малып отырып:

«Ақ балық — құйрықты қап балық!» — деп ұлый бер. Сонда балықтардың өздері келіп сенің құйрығыңа жабысады. Қанша көп отырсаң, сонша көп жабысады, — депті.

Мұны ести сала аңғал қасқыр өзенге жүгіріп, келеді де құйрығын суатқа малып:

«Ақ балық — құйрықты қап балық!»

«Ақ балық — құйрықты қап балық!» — деп ұлыйды.

Ал, ку түлкі келіп қасқырды айналып жүріп:

— Аспанда жымың қаққан жұлдыздар.

Жабысар құйрығына көк мұздар! — деп қыңсылайды.

Сонда қасқыр түлкіден:

— Құдаша-ау сенің айтып отырғаның не осы? — деп сұрайды.

— Ау, бұл менің саған көмектерім.

Балықты құйрығыңа жөнелткенім, — деп дауыстай жауап беріп, өзі қайтадан:

— Аспанда жымың қаққан жұлдыздар.

Жабысар құйрығына көк мұздар! — дей береді.

Мұздың жарығына құйрығын малып қасқыр түні бойы отырды. Құйрығы тоңып та қалған сыяқты. Таң атып келе жатқанда, енді жетер деп көтерілейін десе, тырп — ету қайда. Ол: «Ой балықтың көбін-ай — тартып шығаруым да қыйын болады-ау!» деп қалды.

Осы кезде бір кемпір, қолында шелегі бар, суға келе жатады. Қасқырды көре салып ол:

— Қасқыр, қасқыр! Соғындар қасқырды! — деп бажылдайды.

Қасқыр мұны ести сала олай да, бұлай да жұлқынады, бірақ құйрығын мұз босатар емес. Кемпір шелегін тастай беріп, иін ағашпен қасқырды гүрсілдетті-ай. Соғып жатыр, соғып жатыр, қасқырдың есі шығып, ышқынып кеп жұлқынады, тағы бір зорланып жұлқынғанда, оның құйрығы түбінен жұлынып кетті де, сорлы артына қарамай зытып берді.

«Ой бәлем, — дейді ішінен ол, — сазайынды тарттырармын, сен құдашаның!».

Ал, айлакер түлкі бұл кезде, әлгі кемпірдің үйіне кірді де, ашытып қойған қамырын тойғанша жеп, қалғанын басына жағып-жағып, жолға жете бере құлап, уһілей күрсінеді.

Қашып келе жатқан қасқыр оны көре салып:

— Ой құдашау, балық аулауды осылай үйрет деп пе едім! Көрдің бе мені, саутамтығым қалмады ғой!.. — дейді.

Сонда оған түлкі:

— Ойбой, құдағый жан-ай! Сенің құйрығың жұлынғанымен басың сау көрінеді ғой, ал мына менің басымның мылжа-мылжасын шығарды ғой: көрсейші — бырқырап шығып тұрған мыйымды зорға сүйретіліп келемін, — деді жыламсырап.

— Мұның да рас екен, — дейді оған қасқыр — құдаша мына қалпынмен жету қайда саған, менің үстіме міне қой, жеткізіп тастайын.

Естуі-ақ мұң екен, әзәзіл түлкі шап беріп қасқырдың арқасына мініп алады. Ал, қасқыр ақымақ оны мінгізін жортақтай жөнеледі. Міне, енді түлкі қасқырдың үстіне жайласып алып ақырын:

— Сокқызғанды соғылған әлдилейді,

Сокқызғанды соғылған әлдилейді, — деп сыңсыйды.

— Құдаша-ау сен не айтып келе жатырсын осы?

— Құдағый жан-ау, мен сенің ауруыңды жұбатып келемін ғой, — деп тағы:

— Сокқызғанды соғылған әлдилейді,

Сокқызғанды соғылған әлдилейді! — деп сыңсый береді.

Сәби көрсе дірілдейді

Бір жас бала қайыр сұрап көшеде,
Осы ақ үйге келіп еді кеше де.
Көзден жасын сорғалаға төгіп бір,
Аштық қысып бүгін тағы келіп тұр.
Қайда кеткен оны тастап әкесі,
Қайда туған қамқоршысы — шешесі?
Сол баланың уландырып жүрегін,
Жастай жетім қалдырған кім, білемін...
Қандалаша тойып алған қан сорып,
Екі көзі шатынаған қан тотып,
Бір мес қарын үйден шыға ақырып,
«Жоғал!» — деді сәбиге ашу шақырып.
— Тым болмаса нан беріңіз бір үзім,
Қайгер едің мендей болса өз ұлың?
— Сен түгілі, азық керек майданға.
— Менің де әкем өлген жоқ па майданда?
— Жасы жетпей, әлден сөз и қарашы,
Қайгер еді өссе бұдан санасы —
Деді де сұм атылды оқтай балаға,
Жатты бала қан-қан болып далада.
Міне тағы есін жыйып көрші үйге
Аяқ басты, кездеседі не күйге?
Бар өмірі қасіретпен өте ме,
Әлде аштық түбіне оның жете ме?
Май жаққан нан, шоколад бар қолында
Янки ұлы жолықты оған жолында.
Нанға сол аш қыран құстай төнді кеп,
Екі көзі жауған қағып мөлдіреп.
— Аштық қысып карауықты жанарым,
Наныңнан бер, мен де өзіндей баламын.
— Шырқын бұзып жүргенінше қаланың
Тірлігінен өлгені артық қараның,
Деп, көкетіп аш баланы жағынан
Тартып қалды, өте беріп жанынан.
Сол арада басталды ұрыс жекпе-жек,
Кім жеңбекші, кім соққы жең жеңілмек?
Жанжалды естіп терезеден көз тігіп,
Қарай қалды, Трумэн де үніліп.
Деп ойлады ол: «Янки ұлы менеді,
Соққы астында бұралып аш өледі».
Кек кернеген жетім бала тістенсе,
Жұдырығын түйіп алып кішкене
Жан-жағына кезін тігіп қарады.
Арқа тұтып, өзіндей көп баланы...
Отырғызды янки ұлын ауыздан
Ұшып түсті — алды кегін жауыздан
Трумэннің іске аспады үміті,
Жатты қан боп сенген оның «жігіті».
Суға салы кеткендей-ақ тұнжырап,
Қорқыныштан көзі кетті бұлдырап...
Полицейлер ұстап алып баланы,
Темір торға шықпастай қып қамады.
Қайыр сұрап кезіп жүрген қаланы,
Содан бері көрсе сәби баланы,
Жын соққандай дірілдейді Трумэн,
Дөңбекшиді ұйқы көрмей түнімен.

Айтқазы Нұрбеков

Біздің азыл

Осы да достық па?



— Мә! мұғалім көріп қоймасын!



— Кел! Жармас, мына машинаға!

В. Нестеров.



М. Тайманов

Отанымыздың астанасы — Москвада 1953 жылдың қарсаңында аяқталған Совет Одағының 20-шахмат чемпионатының қортындысында алдыңғы екі орынды 13,5 ұпай алып (әр кайсысы 19 партия ойнаған), шахматтың дүниежүзілік чемпионы М. Ботвинник пен жас гроссмейстер М. Тайманов бөліскен еді. Бір ай уақыт өткен соң алты партиядан құрылған матч ұйымдастырылды. Бұл жол Ботвинник 3,5 рет, Тайманов 2,5 рет ұтып шықты. Сөйтіп Совет Одағының 1953 жылғы чемпионы атағын Ботвинник алды.

Жыйырмасыншы чемпионат еліміздегі шахмат өнерінің тамаша-тамаша табыстарын көрсетті. Бұл чемпионатқа дүние жүзі чемпионымен қатар 1953 жылы дүние жүзінде бірінші орын алу үшін болатын турнирге қатысатын алты гроссмейстер — Болеславский, Бронштейн, Геллер, Керес, Смыслов және Тайманов, халықаралық мастерлер — Аронин, Ливницкий, Толуш, мастерлер — Бывшев, Гольденов, Илвицкий, Кан, Каспарян, Константинопольский, Корчной, Моисеев, Симагин, Суэтин қатысты.

Турнир қызу күрес үстінде өтті. Жас шахматшылар өте жақсы ойнайтындарын танытты. Мысалы, Бүкілодақтық чемпионатқа тұңғыш рет қатысқан Бывшев Болеславский, Смыслов, Керес сияқты гроссмейстерлерді жеңіп шықты. Он тоғызыншы тур аяқталған кезде, чемпион атағын кім алатындығы белгісіз болды. Оның мәнісі мынада: соңғы турдың алдында Таймановтың ұпайы 13,5, ал Таймановтан кейін келе жатқан Ботвинниктің ұпайы 12,5 еді. Соңғы турдың партиялары: Суэтин — Ботвинник және

ССРО-ның 20-шахмат чемпионаты

Геллер — Тайманов партиялары кейінге қалдырылды. Таймановтың ойынды тең аяқтауға мүмкіншілігі бар еді, бірақ бір ыңғайсыз жүріс жүріп қойып, келесі ойында Геллерден ұтылып қалды. Ал, Ботвинник Суэтинді жеңіп, Таймановпен теңесті. Геллер үшінші орын алды.

Дүние жүзі чемпионы Ботвинник ССР Одағы жыйырмасыншы чемпионатын былай бағалады: ССРО-ның 20-шахмат чемпионаты 1952 жылдың қортындылайтын жарысы болды. Бұл жылы совет шахматшылары халықаралық жарыстарда талай рет жеңіп шықты. Олар Будапештегі турнирде алдыңғы екі орынға ие болып, Хельсинкидегі оныншы олимпиадада команда бойынша бірінші орын алды. Стокгольмде болған турнирде де совет шахматшылары бірінші бес орынға ие болды. Бұл жеңістер еліміздегі шахмат өнерінің келешектегі дамуының айғағы, совет шахматшылары шеберлігінің артуының куәсі».

1952 жылы халықаралық турнирге қатысқан совет шахматшылары шетел гроссмейстерлері мен мастерлерін 121 рет ұтып, 14 рет ұтылды.

ССРО-да бірінші орын алу үшін болған 29-турнирдегі жеңіп шыққандардың бірі — гроссмейстер Тайманов. Ол быйыл жыйырма алты жаста. Бұдан 14 жыл бұрын мойнына галстук таққан, бұйра шашты қараторы оқушы Ленинградтағы пионерлер Сарайының шахмат бөлмесіне келгенде, жас шахматшылар оған бірден қызыға қарады. Себебі ол актер болатын, жуықта ғана «Бетховен концерті» деген кинокартинада басты рольді — скринач баланың ролін ойнаған еді. Ол сегіз қырлы бала еді, жақсы оқыйды, музыканы сүйетін. Ол соңынан Ленинград консерваториясын бітіріп, пианист мамандығын алды. Шахматты тез үйреніп жетіле бастады. Пионерлер Сарайында шахматты ол гроссмейстерлер Ботвинник пен



М. Ботвинник

Левенфинтен үйренеді. М. Тайманов табыстан табысқа жетіп, 1939 жылы бірінші разрядшы шахматшы атағын алды. Бір жылдан соң Ленинград оқушыларының чемпионы атанып, мастердің кандидаты болады. Ұлы Отан соғысы аяқталған жылы шахмат өнерін консерваториядағы оқуымен ұштастыра жүріп, шахмат мастери атанады. Ол сол жылы он тоғыз жаста еді.

М. Ботвинник 1948 жылы дүние жүзі чемпионы атағын алғанда, бұл орын үшін күресудің келешегі туралы өз пікірін білдірді. Ол шетел шеберлерінің ойындарын талдай келіп, олардың бірде бірінің бұл атақты алуға мүмкіншілігі жоқ екендігін айтты. Ал, совет шахматшыларын алсақ сөз басқаша! Бұл орынға Бронштейн де, Тайманов та, тіпті әзір белгісіз шахматшы да дүниежүзілік чемпион атағы үшін таласуы мүмкін, — деді ол.

Совет үкіметінің спортқа көрсеткен қамқорлығы арқасында, шынында да Ботвинникке қарсы дүние жүзі чемпионы атағын алу үшін бірінші болып советтік жас гроссмейстер Бронштейн шықты. Ол Ботвинник екеуі жеңісе алмай, тепе-тең көрсеткішке ие болды. Сөйтіп Ботвинник әлі де үш жыл ұдайына чемпион атағын сақтап қалды. Келесі матчқа Ботвинникке тең түсетін Тайманов екендігі сөзсіз. Соған соңғысы Геллер.

Шахмат ойынын оқумен, өз мамандығымен байланыстыра білген М. Таймановтың шахматшылық өмірбаяны совет пионерлерінің әр кайсысына үлгі болмақлады.

А. Гербстман
ССРО спорт шебері.

НАҒЫЗ ПИОНЕР ТУРАЛЫ ПОЭМА

„—Мама,
Еліміз болғанда
Отаны колхоз ортаның,
Сталин алда тұрғанда,
Мен неден сонша қорқамын!“

Он үш жастағы пионер Павлик Морозов өзінің анасы Татьяна: «Қайтесің, балам, өштеспе. Кулактың аты — жау. Аямас олар.» дегенде оған осы сөздерді айтады.


Бұл — көрнекті совет ақыны Степан Щипачевтің «Павлик Морозов» поэмасының үзіндісі. Өжет пионер туралы жазылған осы шығармасы үшін ақынға бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді. Поэма қазақ тілінде (аударған ақын Х. Ергалиев) жеке кітапша болып шықты. Сен енді нағыз пионер туралы тамаша шығарманы өзіңнің ана тілінде де оқып аласың.

Бүкіл совет пионерлері Павлик Морозовтың ісін өте жақсы біледі, оның есімін әрқашан ерекше құрметпен еске алады. Павлик Отанына жан-тәнімен берілген өжет, қырағы пионер болды. Ол колхоз жаулары — кулактардың қастандылық әрекеттерін әшкереледі: Кулуканов деген кулактың совет өкіметіне бергісі келмей тығып тастаған көп астығын Павлик біліп қалып, оның қайда жасырылғанын дереу колхоздағы өкімет орнына хабарлады: өзінің туған әкесінің совет председателі болып тұрған кезінде кулактардың қылмысын жасырып, оларды ақтайтын жалған документтер беріп, зымындық жасағанын халық сотының алдында әшкерелейді. Жау кулактар қырағы ержүрек пионерді орманға жеміс тере барған жерінде аюандықпен өлтірді. Өжет пионер қапыда қаза тапты. Бірақ, оның аты өлген жоқ. Павлик Морозовтың ісі кейінгі жас ұрпақтарға үлгі болып қалды. Павликтің туған жерінде оған ескерткіш орнатылды.

Ақын Щипачевтің «Павлик Морозов» поэмасында ержүрек пионердің ерлік істері суреттеледі. Поэманың «Герасимовқадағы жыйналыс» атты бірінші тарауында аудандық партия комитетіне келген Зимин дейтін коммунистің өкіметке астық өткізу жөнінде Герасимовқада жыйналыс өткізуі, жас Павликтің бұған қатысып Зиминнің сөзін аса зейінмен тындағаны және осы жыйналыс үс-

тінде оның бірқатар жайды аңғарғаны баяндалады.

Екінші тарау «Астық керуені» деп аталады. Қыс. Боран. Шанасының үстінде кішкене жалауы желпілдеп, астық тартқан



керуенді бастан пионер Павлик келеді. Бұлар бай Кулукановтың жасырған астығын тауып алып, мемлекетке өткізуге әкеле жатыр. Поэмада осы көріністер жеркем суреттеледі.

Келіндер, құстар!

Өткен жыл көктемде
Бала едім тым кіші.
Кім білсін, өкпелеп
Кетті ме жыл құсы...
Өтті ғой он екі ай,
Енді мен үлкенмін
Келсе ұшып көп торғай,
Өзім-ақ күтемін.
Менде енді бәрі әзір —
Балға да, шеге де...
Жасаймын мен қазір
«Қонақ үй» төбеде.
Жылы орын сайладым
Қарлығаш, торғайға.
Үй алды — көл айдын,
Құстар кеп қонбай ма?
Дос құстар келіндер,
Қарсы алам өзім-ақ.
Жана «үйге» еніңдер,
Міне көл, міне бақ.

Қ. Ыдырысов

Қыс өтіп, көктем туған. Павлик ат соқамен жер жырттып жүр. Ол жалғыз. Қасында әкесі жоқ. Әкесінің атын Павликтің естігісі де келмейді. Өйткені әкесі Трофим кулактарды қорғайды. Кулукановтың жасырған астығын айтып қойғаны үшін Трофим Павликті жек көреді. «Коммунист, азғын, үйден кет» деп жекіреді оған: Ал, анасы Татьяна Павликті өте жақсы көреді, ұлының қырағылығына, өжеттігіне сүйсінді. Міне, бұл жайлар поэманың «Ана мен әке» дейтін үшінші тарауында сыпатталады.

Поэманың «Сот» деген келесі тарауында кулактардың қастық әрекетінің ашылуы, Трофимнің жаулық, зымыян істерін Татьяна мен Павликтің көптің алдында әшкерелеуі баяндалған.

Жаз өтіп, 1932 жылдың күзі де жеткен мезгіл. Поэманың бесінші тарауында лаулап жанған костер қасында қызу сөйлесіп отырған бір топ баланы көресіз. Яша өзінің тұлкіні қалай қуғанын әңгімелейді. Павлик от алдында жүресінен отырып алып, кулак Роговтың тун қараңғысында бұғып келін маяның астына бірдемелерді әкеп тыққанын, Павлик оның ізін бақылап, Рогов кеткен кезде сездірмей маяға барып, жасырылған заттың қару-жарақ екенін айтады. Поэманың келесі тарауында Павликтің өзінің сезгенбілгендерін аупарткем Зиминге баяндауы суреттеледі.

Поэманың «Жеміс тере барғанда» деп аталатын соңғы тарауы батыр пионердің қайғылы өміріне арналған. Алғашқы мүк-жидек тере барғанда Павлик пен оның төрт жасар інісі Федянің қарсы алдынан қолына қара пышақ ұстап аңдып тұрған жауыз Данилка шыға келеді. Екі жас бала қап-ішердің қолынан қаза табады.

Поэма былай аяқталады:

Біткен жерің жырдың жалғасы.
Қоладан Павлик тұлғасы
Қойылған Красно-Пресняда.
Өнеге елдің жасына да,
Ғасырға өңін алдырмас,
Пионерге барлық ол құрдао.“

Бұл поэманы оқып шығып, өздеріңнің алған әсерлеріңді оқытушыларыңа және жолдастарыңа әңгімелеп беріңдер.

Н. Ғабдуллин

Қос түлкінің хикаясы

I

Ақ мамықтай көңіріп,
Жауды жерге ақша қар.
Ежелден-ақ аңшылар
Дейді мұны «қансонар»...
Ой, қызық-ай, ой қызық!...
Екі қызыл түлкіні
Өші бардай екі аңшы
Қуды келіп бір күні.
Тас тәрізді лақтырған
Қарғығанда тазылар,
Түлкі жолдан бұлт беріп,
Шыймай ізі жазылар.
Түлкі айлакер болғанмен,
Қуғыншылар тақымдап,
Тазы емес, ажалдың
Өзі бейне алқымдап,
Салатындай шеңгелін
Күн туғанда басына,
Сақа түлкі өзінің
Былай деді досына:
— Айла таптым, достым, мен,
Қаша бермей қосылып,
Екі жаққа зытайық,
Айламызды асырып...
— Құп, жолдасым, ал бірақ,
Сәті келіп егерде,
Бұл сүргіннен сау қалсақ,
Жолығамыз қай жерде?
— Ұзын сөзге уақыт жоқ,
Қысыл-таяң, тар кезең...
Тірі қалсам әйтеуір
Жолығысам сізбенен...
Екі жаққа түлкілер
Кетіп еді айырылып,
Аңшылар да бөлінді,
Тұрмастан бос анырып...

II

Тысы атлас, барқыттан
Қызыл бөрік, көк бөрік...
Түскен екен дүкенге?
Әйтеуір бір көп бөрік.
Әкесіне Ғалымжан:
«Қандай жақсы бөрік бұл...
Әперші,— деп, қолқа сап,
Айналдырып көріп тұр...
Ой, балалар, балалар!
Тамашаға қараңдар!
Бөрік болған түлкінің
«А» әрпіндей дағы бар.
Көріп соны Ғалымжан:
— Сіз әкелген түлкі,— деп,
Аңшы әкесін құшақтап,
Мәз-майрам боп күлді кеп.
Тағы және бір бөрік
Көк барқытпен тыстаулы —
Әнеукүнгі түлкінің
Арқасына ұқсады.
«Дәл солар ғой, деп солар,
Жаңа ғана білдім», — деп,
Шек-сілесі қатқанша
Аңшы өзі де күлді кеп...
Екі түлкі түнеугі
Зымырап бел-белестен,
Әбден әуре қылғаны

Көзіне енді естеп
Ұзақты күн сабылып,
Айтып соғып алғаны:
— Қара,— дейді,— тамаша
Бөрік болып қалғанын!..
Сондағы қос түлкі
Састырғанда аңшылар,
Екі жаққа зытқаны
Естерінде бар шығар!
Екі түлкі — екі дос
Кездеспек боп күн бұрын
Сөз берсе де, дәл қазір
Танымайды бір-бірін.
Тоқсан қолдан өткен соң,
Ғе қала ма «түкен» де,
Түлкі емес, бөрік боп
Түскеннен соң дүкенге.



Ырзамын мен, ырзамын,
Фабрика шебері!
Тамын тұр-ау сөрғалап
Он саусақтан өнері!!!

III

Сондай жақсы көреді
Аңшы әкесін Ғалымжан.
Бөрік өзіне ұнайды
Жаңа сатып алынған.
Сатып алды әкесі
Көк барқыт тыс бөрікті.
Қатар шықса екеуі,
Қандай әсем көрікті!
«Айлакер» деп түлкіні
Айтады жұрт бекерге,—
Деп ойлады Ғалымжан,—
Нағыз айла әкемде!..»

Төлеужан Исмаилов

Одан-бұдан

Тамаша торқа

Біздің елімізде мұнай көп өндіріледі. Мұнай қуаты паровоз бен пароходтарды жүргізуге пайдаланылып, бензин, керосин түрінде шаруашылыққа жұмсалады. Мұнайдан көптеген түрлі газдар да алынады. Ертеректе бұл газдар пайдаға аспайтын. Тек қазір ғана совет ғалымдары газдан каучук, бояу, жібек түстес тамаша торқа жасайды.

Мұнайдан бөлініп шығатын газдардың бестен біріне жуығы — этилен деген жапғыш жеңіл газ. Химиялық заводтарда оны жанбайтын газбен — хлормен араластырады. Бұлардан алынатын жаңа газ хлорвинил деп аталады. 12 градус суықта хлорвинил сұйық затқа айналады. Сұйық газды арнаулы ыдысқа құйып қыздырғанда, ақ ұнтақ алынады. Техникада мұны полихлорвинил дейді. Бұл — қолдан жасалған смола.

Смоладан жіңішке жібек жіп жасауға болады. Ол үшін ақ ұнтақты ацетонға салып, араластыру керек. Одан шыққан қойыртпақты ұсақ тесікшелері бар оймақ тәрізді металлға құйып, сығу керек. Оймақтың ұсақ тесіктерінен қысылып шыққан зат жылы ауаның күшімен кебеді де, тамаша торқаға айналады.

Оған қышқыл да, сілті де,



тұзды су да әсер ете алмайды. Бұдан химиялық цехта істейтіндер үшін арнаулы киім тігеді, балық ауларын жасайды. Мұндай аулар суда бірнеше ай бойы бүлінбей тұра береді.

Жуған жіптерден киім және тіс щеткаларын жасауға болады. Бұлар басқа щеткалардан гөрі әрі мықты, әрі таза келеді.

Қолдан жасалған торқаның беріктігі мен шыдамдылығы оның келешегінің молдығын байқатады.

Б. Розен

Химия ғылымдарының кандидаты.

М. Ахундов

(Қайтыс болғанына 75 жыл)

Мырза Фатали Ахундов — Азербайжан халқының, көрнекті ағартушысы, демократ жазушысы, ірі қоғам қайраткері.

Ахундов 1812 жылы Нух қаласында туған. Жас кезінде шы-



ғыс тілдерін көбірек үйреніп, ғылымға әуестенген. Ол 1832 жылы Нух қаласындағы орыс-азербайжан училищесін бітіреді. 1834 жылы Тифлис қаласына көшеді де, тілмаштік қызмет атқарады. Бұл кезде Ахундов орыс декабристерінің біразымен танысады. Ол А. Бестужев-Марлинскиймен, А. Одоевскиймен кездеседі.

Ахундовтың қоғамдық қызметі мен әдеби еңбегі де осы кезден басталады. Оның көзқарасының қалыптасуына орыс халқының ұлы ақыны А. С. Пушкин күшті әсер етеді. Ол Пушкин шығармаларын сүйіп оқыды, одан үйренеді. «Пушкин өліміне» атты поэмасында Ахундов Пушкинді дүние жүзі ақындарының ағасы санайды. А. Пушкин әсерімен шығыс поэзиясының көне дәстүрінен қол үзеді де, орыс әдебиетінен нәр алады. Халыққа жақын реалистік искусствоны жақтайды.

Халықты ағарту ісіне шын ниетімен берілген М. Ахундов көркем әдебиеттің қоғамдық-тәрбиелік маңызын зор бағалайды. Ол ұлы орыс революционер — демократтар Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың шығармаларын оқыды. Ахундов — жаңа азербайжан әдебиетінің негізін салушы болды.

Ахундов ислам дінінің шығыс халықтары мәдениетін өркенде-

туге жасап отырған қырсығын әшкереледі. Кавказ халықтарының Россияға қосылуын құптады.

1850—1856 жылдарда Ахундов өзінің атакты драмалық шығармаларын жазады. Олардың бастылары — «Алхимик молла Ибраһим Халил», «Ленкоран ханының уәзірі», «Қаракшыны жеңген аю», «Гаджи Гара» т. б. Ахундов пьесалары азербайжанның ұлттық театрының тууына себеп болды. 1853 жылы бұл пьесалар орыс театрының сахнасында, 1873 жылы азербайжан театрының сахнасында қойылды. XIX ғасырдың 80 жылдарында Батыс Европа тілдеріне аударыла бастады.

Азербайжан әдебиетіндегі реалистік прозаның бастамасы болған «Алданған жұлдыздар» атты повесінде Ахундов құлап бара жатқан феодалдық қоғам мен шығыстың кертартпа мәдениетін сынады. Ахундов түрікшілдік пен парсышылдыққа қарсы күресіп, азербайжан жазбасына орыс алфавитін қабылдауды ұсынды. Оның бұл арманы совет өкіметі тұсында ғана іске асты.

Жазушы-педагог

(А. С. Макаренконың туғанына 65 жыл)

Орыс халқының атакты жазушысы А. П. Чехов айтқан мынадай бір тамаша қағида сөз бар. Көркем әдебиет жасаған жағымды кейіпкерлердің тәрбиелік мәні зор екені даусыз болса, тұрмыстың өзі тудырған сол адамдардың тәрбиелік маңызына баға жетпейді. Орыстың ұлы жибанкезі Н. М. Пржевальскийдің өмірі — жүздеген жақсы кітапқа пара-пар, дейді А. П. Чехов. Жазып қалдырған жақсы кітаптарын былай қойғанда, өмірінің өзі жүздеген жақсы кітапқа пара-пар адамның бірі — тамаша совет педагогі Антон Семенович Макаренко.

А. С. Макаренко тек тамаша педагог ғана емес, сонымен қатар ол совет оқушыларының сүйікті жазушысы. Антон Семеновичтің есімі оның тамаша «Педагогикалық поэмасымен» әрқашан бірге аталады.

... 1920 жылдың күзі. Азамат соғысының ауыр кезеңі. Бұл кезде елімізде панасыз балалар өте көп

болды. Олардың қайсы бірі туысқандарынан дүниежүзілік соғыста айырылған, ал қайсы бірінің туысқандары азамат соғысы майданында қаза тапқан балалар. Бұлардың басым көпшілігі жоқ-



шылықтың зардабын ертеден тартып, панасыз жүрген балалар еді. Совет үкіметі, коммунист партиясы азамат соғысының ауыр күндерінде-ақ бұл балаларды қоғамға, халыққа пайдалы, саналы адамдар етіп өсіруді қолға алды. Сонымен мыңдаған балалар үйлері, арнаулы мекемелер ұйымдастырылды. Ондай мекемелердің бірі — тәртіп бұзушы балалар колониясын А. С. Макаренко басқарды. Бұл жұмыста ол өзінің асқан шебер ұстаз, тәрбиеші екенін танытты. Ол жүздеген «тентек» балаларды колонияда тәрбиелеп, нағыз адам етіп шығарды. Антон Семенович өзінің «Педагогикалық поэмасында» жаңа адамды тәрбиелеу жолын, өзінің ұстаздық қызметін баяндайды.

Әрқашан да ол совет балаларының өз Отанына шын берілген азаматы болуын тіледі. «Адамда бір ғана мамандық болу керек, — ол нағыз адам бола білу» — деп жазды ол.

Оның тамаша өмірі — өмір бойы қажымай-талмай оқудың, ізденудің, еңбек етудің үлгісі.

А. С. Макаренко 1939 жылы мезгілсіз қайтыс болды. Совет адамдары, сондай-ақ халықтың демократия елдерінің еңбекшілері оның тамаша кітаптарын сүйіп оқып, есімін зор құрметпен мәңгі есте сақтайды.

Т. Төгісов

1 ПИОНЕР К
ПР. ЛЕНИНА 11
ГОС. ПУБЛИЧ. БИБ. КЕ
2 1.12 3

